

ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ

ISSN 1996-2029

№ 4 (172)
2021

ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

www.kadry.mcfr.kz

- **ҰСЫНЫМ ХАТ ЖӘНЕ МІНЕЗДЕМЕ:
ҚҰЖАТ ЗАҢДЫ КҮШІН ЖОҒАЛТПАУ
ҮШІН ОНЫ ҚАЛАЙ РЕСІМДЕУ КЕРЕК**
- **ҚАШЫҚТЫҚТАҒЫ ЖҰМЫС КЕЗІНДЕ
ТӘРТІПТІК ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫ ҚҰЖАТПЕН
ҚАЛАЙ РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ:
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҚАДАМДЫҚ АЛГОРИТМІ**
- **ХАТШЫҒА АРНАЛҒАН ЛАЙФХАК:
МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ЖҢІЛДЕТЕТІН
ЖӘНЕ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕЙТІН WORD-ТЫҢ
17 ФИШКАСЫ**
- **РЕКОМЕНДАТЕЛЬНОЕ ПИСЬМО И
ХАРАКТЕРИСТИКА: КАК СОСТАВИТЬ,
ЧТОБЫ ДОКУМЕНТ НЕ ПОТЕРЯЛ
ЮРИДИЧЕСКУЮ СИЛУ**
- **КАК ДОКУМЕНТАЛЬНО ОФОРМИТЬ
ДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПРОСТУПОК
ПРИ ДИСТАНЦИОННОЙ РАБОТЕ:
ПОШАГОВЫЙ АЛГОРИТМ ДЕЙСТВИЙ**
- **ЛАЙФХАК ДЛЯ СЕКРЕТАРЯ: 17 ФИШЕК
WORD, КОТОРЫЕ УПРОСТЯТ РАБОТУ
С ТЕКСТОМ И СЭКОНОМЯТ ВРЕМЯ**



**Электронная система
«ACTUALIS: Кадровое дело»**
Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте vip-kadry.mcfr.kz



МЦФЭР-Казахстан

НОВОЕ в электронной системе:

- **Надо ли вносить данные
по военнообязанным в ЕСУТД?**

ПРОЙДИТЕ ПРАКТИЧЕСКИЕ СЕМИНАРЫ



15–16 апреля

«Кадровое делопроизводство на государственном и русском языках с изменениями на 2021 год»

19–20 апреля

«Работа согласительной комиссии. Индивидуальные трудовые споры»

19–20 апреля

«Оплата труда, гарантии, компенсационные выплаты, с изменениями и дополнениями в 2021 году»

22–23 апреля

«Государственные закупки в 2021 году»

26–27 апреля

«Актуальные изменения в Трудовом кодексе РК 2020–2021 гг.»

28–29 апреля

«Делопроизводство на государственном и русском языках. Номенклатура дел. Правила работы архива организации»

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова

ТОО «МЦФЭР–Казахстан»

Редакция тематического направления
«ОХРАНА ТРУДА, КАДРЫ
И ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО»

Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеев
head.kadry@mcfr.kz
Главный редактор журнала –
А. С. Ким
kadry-otk2@mcfr.kz
тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)
Редактор по работе с авторами –
И. В. Пильгук

Литературный редактор-переводчик
текстов на казахский язык – К. О. Исламова
Руководитель отдела допечатной
подготовки – А. Х. Дербесова
Дизайнер-верстальщик – В. Ю. Чукунова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712

тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)

Отдел маркетинга

Бренд-менеджер – С. М. Талгатов,
bm2@mcfr.kz
тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 134)

Отдел адресной подписки и сбыта

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13

e-mail: sbyt@mcfr.kz, info@mcfr.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

sb1@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантিকেва

support@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 130)

Подписку можно оформить:

- по online-заявке – www.kadry.mcfr.kz
- в редакции, в отделе адресной подписки
- по каталогам (подписной индекс – **75385**)
– «Казпочта»: почтовые отделения
– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87
– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 375-12-65

Свидетельство о постановке на учёт
периодического печатного издания
и информационного агентства № 15567-Ж
от 18.09.2015 выдано Министерством
по инвестициям и развитию Республики
Казахстан. Комитет связи, информатизации
и информации.

Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

Перепечатка материалов, опубликованных

в журнале, допускается только

с письменного согласия редакции.

Представленные тексты нормативных
правовых актов идентичны официально
опубликованным версиям.

Редакция не несёт ответственности

за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе

принимаются в течение 10 календарных

дней со дня выхода номера.

Подписано в печать 31.03.2021.

Формат 84×108^{1/16}. Тираж 5 000 экз.

Печать офсетная. Бумага офсетная.

Заказ № _____ Цена договорная.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан». Юридический адрес:

050009, г. Алматы, ул. Шевченко,

уг. ул. Радостовца, 1656/72г, офис 712.

Отпечатано в соответствии

с предоставленными материалами

в типографии ТОО «Print House Gerona»,

ул. Сатпаева, 30а/3, офис 124.

Тел.: +7 (727) 250-47-40, 398-94-60

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ

№

4 (172)

2021

ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

Құрметті оқырмандар!

Хатишылар мен кеңсе қызметкерлері сәуір айында Халықаралық хатишылар күнін немесе Кәсіби әкімшілік қызметкерлер күнін атап өтеді. Биыл ол 21 сәуірге сәйкес келеді. Кәсіби шеберлік, даналық пен сүйкімділік сіздерге барлық мәселелерде көмектессін. Сыйлық ретінде журналымыздың келесі санын қабыл алыңыздар.

Жаңа нөмірде сіздер жұмыстың мағынасы қалмаса, не істеу керектігін білесіздер. Жұмыс істеуге деген құлшынысыңызды жоғалтудың негізгі себептерін және қандай әдістер мен жаңа әдеттер оларды жеңуге көмектесетінін қарастырамыз.

Сондай-ақ, процесті жеңілдететін және мәтінмен жұмыс істеу кезінде қымбат уақытты үнемдейтін мәтіндік Word редакторының пайдалы функциялары туралы айтып береміз.

Сонымен бірге, айналадағы адамдарға қандай әсер қалдыратыныңызды білу үшін қызықты психологиялық тесттен өтуді ұмытпаңыз. Мүмкін сізді тосын сый күтіп тұрған шығар, ал оның жағымды немесе жағымсыз болуы толығымен сіздің жауаптарыңызға байланысты.

Мақалаларға берген бағаларыңыз бен жазған пікірлеріңіз үшін алғысымызды айтамыз. Олар біз үшін өте маңызды!

Сіздерге қолайлы болу үшін журнал баспа және электрондық форматтарда шығады. Журналға www.e.delopro.mcfr.kz сайтында жазылуға болады. «ACTUALIS: Кадровое дело» электрондық жүйесінде өзекті және пайдалы ақпарат орналастырылды.

*Алла Ким, бас редактор,
e-mail: kadry-otk2@mcfr.kz*

Уважаемые читатели!

Когорта секретарей и офисных работников в апреле отмечает Международный день секретаря или День профессиональных административных работников. В этом году он приходится на 21 апреля. Пусть профессионализм, мудрость и обаяние помогут вам во всех делах. А в качестве подарка примите очередной выпуск нашего журнала.

В новом номере вы узнаете, что делать, если работа потеряла всякий смысл. Рассмотрим основные причины, почему пропадает желание работать, какие приёмы и новые привычки помогут вернуть работоспособность.

Также расскажем, о полезных функциях текстового редактора Word, которые упростят процесс и сохранят драгоценные часы при работе с текстом.

И не забудьте пройти интересный психологический тест, чтобы понять, какое впечатление вы производите на окружающих. Возможно, вас ждёт сюрприз, а приятный он будет или нет – целиком и полностью зависит от ваших ответов.

Спасибо вам за оценки и комментарии к статьям. Для нас они очень важны!

Обратите внимание, что для вашего удобства журнал выходит в печатном и электронном форматах. Оформить подписку на них можно на сайте www.e.delopro.mcfr.kz. В электронной системе «ACTUALIS: Кадровое дело», размещено ещё больше актуальной и полезной информации.

*Алла Ким, главный редактор,
e-mail: kadry-otk2@mcfr.kz*

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

А. Ж. Қарымсақов

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Орталық мемлекеттік архиві» РММ директоры

Ә. Н. Нысанбаев

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының академик-хатшысы, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор

В. П. Стремский

Мемлекеттік және жергілікті басқару институтының бірінші вице-ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Т. Н. Тойбаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазба архиві» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры

З. Б. Агибетов

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысы

Р. С. Шимашева

Алматы қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы

А. А. Адельгужин

құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды архивтік сақтау жөніндегі сарапшы, Алматы қ.

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

А. Ж. Карымсаков

директор РГУ «Центральный государственный архив» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

А. Н. Нысанбаев

академик-секретарь Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, академик НАН Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор

В. П. Стремский

первый вице-ректор Института государственного и местного управления, кандидат исторических наук, профессор

Т. Н. Тойбаев

директор Республиканского государственного учреждения «Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

З. Б. Агибетов

руководитель Департамента Комитета труда, социальной защиты и миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан по Алматинской области

Р. С. Шимашева

руководитель управления по развитию языков, архивов и документации акимата г. Алматы

А. А. Адельгужин

эксперт по документированию, управлению документацией и архивному хранению документов, г. Алматы

**ЖҰМЫСКЕРДІҢ УАҚЫТША ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТСІЗДІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЫЛ
САЙЫНҒЫ АҚЫ ТӨЛЕНЕТІН ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫН АУЫСТЫРУ
ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ**



**«Альтаир»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі**

Эмблемасы,
логотип,
тауар белгісі
(қызмет көрсету
белгісі)

**Товарищество
с ограниченной
ответственностью
«Альтаир»**

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 21 сәуір
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 37-Ж/Қ
город Нур-Султан

**Жұмыскердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне байланысты
жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын ауыстыру туралы**

Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы кезеңінде (02.04.2021 бастап 25.04.2021 дейін) бас есепші Н. Д. Ахметованың еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты (16.04.2021 бастап 20.04.2021 дейін) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 94-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бас есепші Н. Д. Ахметованың жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы күнтізбелік 5 (бес) күнге – 2021 жылғы 26 сәуірден 30 сәуірге дейін қоса алғанда ауыстырылсын.
2. Кадрлар жөніндегі инспектор Л. Д. Степанова демалыстар кестесіне және жұмыс уақытын есепке алу табеліне өзгерістер енгізісін.
3. Бұйрықтың орындалуын бақылау кадр бөлімінің бастығы С. С. Сүлейменоваға жүктелсін.

Негіз: 2021 жылғы 16 сәуірдегі еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парағы, сериясы БВ № 2278341, Н. Д. Ахметованың 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 35 өтініші.

Директор

Төлжанұлы

Ә. Төлжанұлы

М. О.

Бұйрықпен, таныстым:

<i>Ахметова</i>	Н. Ахметова	2021 жылғы 21 сәуір
<i>Степанова</i>	Л. Степанова	2021 жылғы 21 сәуір
<i>Сүлейменова</i>	С. Сүлейменова	2021 жылғы 21 сәуір





**ОБРАЗЕЦ ПРИКАЗА О ПЕРЕНОСЕ ЕЖЕГОДНОГО ОПЛАЧИВАЕМОГО
ТРУДОВОГО ОТПУСКА В СВЯЗИ С ВРЕМЕННОЙ
НЕТРУДОСПОСОБНОСТЬЮ РАБОТНИКА**

**«Альтаир»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі**

Эмблема,
логотип,
товарный знак
(знак
обслуживания)

**Товарищество
с ограниченной
ответственностью
«Альтаир»**

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21 апреля 2021 года
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 37-Л/С
город Нур-Султан

**О переносе ежегодного оплачиваемого трудового отпуска
в связи с временной нетрудоспособностью работника**

В связи с наступлением в период ежегодного оплачиваемого трудового отпуска главного бухгалтера Ахметовой Н. Д. (с 02.04.2021 по 25.04.2021) временной нетрудоспособности (с 16.04.2021 по 20.04.2021), руководствуясь статьёй 94 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Перенести ежегодный оплачиваемый трудовой отпуск главного бухгалтера Ахметовой Н. Д. на 5 (пять) календарных дней – с 26 по 30 апреля 2021 года включительно.
2. Инспектору по кадрам Степановой Л. Д. внести изменения в график отпусков и в таблицу учёта рабочего времени.
3. Контроль за исполнением приказа возложить на начальника отдела кадров Сулейменову С. С.

Основание: лист о временной нетрудоспособности от 16 апреля 2021 года, серия БВ № 2278341, заявление Ахметовой Н. Д. от 16 апреля 2021 года, рег. № 35.

Директор

Төлжанұлы

Ә. Төлжанұлы

М. П.

С приказом ознакомлены:


<i>Ахметова</i>	Н. Ахметова	21 апреля 2021 года
<i>Степанова</i>	Л. Степанова	21 апреля 2021 года
<i>Сулейменова</i>	С. Сулейменова	21 апреля 2021 года



Келесі нөмірден
оқитындарыңыз:

- ▶ Іс қағаздарын жүргізудің тексерісін өз күшіңізбен қалай өткізуге болады, оны неге дәл қазір жасау керек
- ▶ Үміткердің лауазымға сәйкес келетінін қалай түсінуге болады: сұхбаттасуға арналған тоғыз көмекші карточка
- ▶ Ешкім білмейтіндей етіп, желіде ақпаратты қалай іздеу керек

Шартты белгілер



ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

А. Неретина

Қашықтықтағы жұмыс кезінде тәртіптік теріс қылықты құжатпен қалай ресімдеуге болады: іс-әрекеттің қадамдық алгоритмі 8

Ш. Әбдіғалиқызы

Ұсыным хат және мінездеме: құжат заңды күшін жоғалтпау үшін оны қалай ресімдеу керек 14

САРАПШЫЛАРДЫҢ КЕҢЕСТЕРІ

И. Половникова

Егер жұмыстың мағынасы қалмаса, не істеу керек: жаңа дағдылар көмектеседі 21

АРХИВ ІСІ

А. Адельгужин

Іс құжаттарының сипаттамасы: түпнұсқалығы, толықтық дәрежесі, көрсету әдісі және сыртқы белгілері 29

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Н. Артонкина

Хатшыға арналған лайфхак: мәтінмен жұмыс істеуді жеңілдететін және уақытты үнемдейтін Wordтың 17 фишкасы 37

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

А. Тыналин

«Полиграфты қолдану арқылы арнайы психофизиологиялық зерттеуден ерікті түрде өту туралы мәлімдеме жасаймыз» кейсі 45

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРАКТИКУМ

А. Верещагина

Жұмыс беруші үшін қандай қызметкер нағыз олжа болып табылады? 47

КӘСІБИ СЕРГІТУ СӘТІ

А. Верещагина

Тест: Айналадағы адамдарға қандай әсер қалдырасыз? 50

Читайте
в следующем номере:

- ▶ Как провести аудит делопроизводства своими силами и почему это надо сделать именно сейчас
- ▶ Как понять, подойдёт ли кандидат на должность: девять карточек-подсказок для собеседования
- ▶ Как искать информацию в сети, чтобы об этом никто не узнал

Условные обозначения



СИТУАЦИЯ



РЕКОМЕНДУЕМ



СЛОВАРЬ



ОШИБКА



ПРИМЕР



ЦИТИРУЕМ ЗАКОН



РЕЗЮМЕ



ВОПРОС



НА ЗАМЕТКУ



ВНИМАНИЕ

ПРАКТИКУМ ПО ДЕЛОПРОИЗВОДСТВУ

А. Неретина

Как документально оформить дисциплинарный проступок при дистанционной работе: пошаговый алгоритм действий 53

Ш. Эбдіғалиқызы

Рекомендательное письмо и характеристика: как составить, чтобы документ не потерял юридическую силу 59

КОНСУЛЬТАЦИИ ЭКСПЕРТОВ

И. Половникова

Что делать, если работа потеряла всякий смысл: помогут новые навыки 66

АРХИВНОЕ ДЕЛО

А. Адельгужин

Описание документов дела: как установить подлинность, степень полноты, способ воспроизведения и внешние особенности 74

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Н. Артонкина

Лайфхак для секретаря: 17 фишек Word, которые упростят работу с текстом и сэкономят время 81

ШКОЛА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА

А. Тыналин

Кейс «Составляем заявление о добровольном прохождении специального психофизиологического исследования с применением полиграфа» 89

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПРАКТИКУМ

А. Верещагина

Какой сотрудник – находка для работодателя? 91

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ РАЗМИНКА

А. Верещагина

Тест: Какое впечатление вы производите на окружающих? 94



ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ҚЫСҚАРТУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

ҚР ЕК – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі *(2021.22.01 берілген өзгерістермен және толықтырулармен)*

ҚР ЖС НҚ № 9 – «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысы *(2018.20.04 берілген өзгерістермен және толықтырулармен)*

НОРМАТИВНЫЕ ПРАВОВЫЕ АКТЫ



СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ, ИСПОЛЬЗУЕМЫХ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ

ТК РК – Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V *(с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.01.2021)*

НП ВС РК № 9 – Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 6 октября 2017 года № 9 «О некоторых вопросах применения судами законодательства при разрешении трудовых споров» *(с изменениями и дополнениями по состоянию на 20.04.2018)*

А. Неретина,
«Юнистафф Пейрол Компани» ЖШҚ аға заңгері,
Мәскеу қ.



Қашықтықтағы жұмыс кезінде тәртіптік теріс қылықты құжатпен қалай ресімдеуге болады: іс-әрекеттің қадамдық алгоритмі



Көптеген ұйымдар шығындарды оңтайландыру үшін қашықтықтан жұмыс істей береді. Қашықтықтан жұмыс жасаудың барлық артықшылықтарымен қатар, кемшіліктері де бар. Мысалы, іс жүзінде жұмыс берушілер қашықтықтан жұмыс істейтін жұмыскерді тәртіптік жауаптылыққа қалай тарту керектігін түсінбейді, тәртіптік жазаны заңды деп тану үшін рәсімде және құжаттарда қандай қателіктерге жол бермеу керектігін білмейді. Бұл шынымен де қиын ба? Мақалада оны анықтауға тырысайық.



Қашықтықтан жұмыс істеу жұмыс процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, еңбек процесін жұмыс беруші орналасқан жерден тысқары жерде жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылады (ҚР ЕК 138-бабының 1-тармағы).

Тәртіптік жазаның түрлері

Тәртіптік жаза – тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жұмыс беруші немесе ұлттық басқарушы холдингтің бірінші басшысы қолданатын жұмыскерге тәртіптік ықпал ету шарасы. Бұзушылық дәрежесіне қарай тәртіптік жазаның келесі түрлері қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының 8, 9), 10), 11), 12), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша, еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу түріндегі тәртіптік жаза (ҚР ЕК 64-бабының 1-тармағы).

Бұл **тізім толық болып табылатындығын** және жоғарыда келтірілген тізімдегі тәртіптік жазаның тек осы түрлерін ғана қашықтықтан істейтін жұмыскерлерге қолдануға болатындығын атап өту керек.

Бұл орайда тәртіптік жазаны міндетті түрде ҚР ЕК 64-бабында орналасу ретімен қолдануға тиіс емес (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 618532 сұраққа берілген 2020 жылғы 12 маусымдағы жауабы (dialog.egov.kz)).

Тәртіптік жазаларды қолдану тәртібі

Жұмыс беруші тәртіптік жазаны, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің актісін шығару арқылы қолданады. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, ұлттық басқарушы холдингтің бірінші басшысы тәртіптік жаза қолданған кезде осы баптың және ҚР ЕК 65-бабының және 66-бабының ережелері қолданылады (ҚР ЕК 65-бабының 1-тармағы).

Жұмыс беруші тәртіптік жазаны қолданғанға дейін жұмыскерден жазбаша түсініктеме талап етуге міндетті. Егер **екі жұмыс күні өткеннен кейін** жұмыскер жазбаша түсініктеме бермесе, онда тиісті акт жасалады. Жұмыскердің түсініктеме бермеуі тәртіптік жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды (ҚР ЕК 65-бабының 2-тармағы).

Тәртіптік жазаға тарту және қолдану мерзімдері

ҚР ЕК 65-бабының 4-тармағында және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тәртіптік жаза жұмыскерге тәртіптік теріс қылық анықталған кезде тікелей, бірақ ол анықталған күннен бастап **бір айдан кешіктірілмей** қолданылады (ҚР ЕК 66-бабының 1-тармағы).

Қашықтықтан жұмыс істеген кезде жаза қолдану рәсімін қалай сақтау керек, қашықтағы жұмыскер басқа аймақта немесе тіпті елде жұмыс істейді ғой? Көбінесе мұндай жағдайда жазбаша түсініктеме берудің екі күндік мерзімін орындау мүмкін емес.

Мұндай жағдайда жұмыс берушіге жұмыскермен қарым-қатынас тәсілін түзетуді ұсынамыз. Әдетте, қашықтағы жұмыскер мен жұмыс беруші корпоративті электрондық пошта арқылы байланысады. Бұл байланыс әдісі жұмыскермен еңбек шартында көрініс табуы керек. Жазбаша түсініктемелерді корпоративті электрондық пошта арқылы сұрауға болады, және сұрау салудың жазбаша түпнұсқасын жұмыскердің тұрғылықты жеріне және тіркелген жеріне жіберуге болады (егер олар өзгеше болса).

Белгіленген мерзімдерді орындау үшін жұмыс беруші жазбаша түсініктеменің сканерленген көшірмесін жіберуді талап етуі мүмкін, ал түпнұсқасын пошта арқылы жіберуге болады. Мұндай әдісті, мысалы, келесідей жазуға болады: *«Жұмыскер жұмыс берушіден тиісті сұрау салынған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс берушіге жазбаша түсініктеме жібереді (ҚР ЕК 65-бабына сәйкес). Жұмыс берушіге жазбаша түсініктемелерді пошта арқылы немесе курьерлік қызмет арқылы жіберу кезінде бір уақытта жұмыс берушіге (жазбаша түсініктеме беру туралы өтініш жіберген адамға) жазбаша түсініктемелердің скан-көшірмесі және пошта жөнелтілімінің трек-нөмірі жіберіледі. Түсініктемелердің скан-көшірмесі және пошта жөнелтілімінің трек-нөмірі корпоративтік электрондық пошта арқылы жіберіледі».*

Жұмыскердің тәртіптік теріс қылық жасағандығы туралы акт (1-қосымша) немесе жұмыскердің жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы туралы акт жұмыс берушінің актісі болып табылмайды. Олармен тәртіптік теріс қылық жасаған жұмыскерді таныстырудың қажеті жоқ. Бұл ретте жұмыскердің жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы туралы акт жазбаша түсініктеме беру **туралы талап қойылғаннан кейін екі жұмыс күні өткен соң** жасалады. Жасалған теріс қылық фактісі жөнінде түсініктеме беру туралы талап жазбаша түрде ресімделеді (ҚР ЖС НҚ № 9, 17-тармағы).

Жазбаша түсініктеме алған соң, жұмыс беруші тәртіптік жаза қолдану туралы акт шығарады (2-қосымша). Тәртіптік жаза қолдану туралы **акт шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде** тәртіптік жазаға тартылған жұмыскерге қолын қойғызып хабарланады. Жұмыскерді жұмыс берушінің тәртіптік жаза қолдану туралы актісімен жеке таныстыруға мүмкіндік болмаған жағдайда, **жұмыс берушінің актісі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс беруші жұмыскерге табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты** хатпен пошта арқылы тәртіптік жаза қолдану туралы актінің көшірмесін жіберуге міндетті (ҚР ЕК 65-бабының 5-тармағы). Актінің скан-көшірмесін жұмыс беруші корпоративтік электронды пошта арқылы жібере алады.

Тәртіптік жаза еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны немесе тәртіпті бұзғаны үшін қолданылуы мүмкін. Ал, қашықтан жұмыс істейтін жұмыскердің тәртібін жұмыс беруші қалай

қадағалай алады? ҚР ЕК нормаларына сәйкес қашықтықтан жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін жұмыс уақытының тіркелген есебі белгіленеді, оны бақылау ерекшеліктері еңбек шартында айқындалады. Егер, мысалы, жұмыс берушіге жұмыскердің компания үшін жұмыс уақытында байланыста болуы маңызды болса, онда жұмыскер жұмыс істеуі керек уақыт белдеуі еңбек шартында көрсетілуі керек. Сондай-ақ, еңбек шартына қашықта жұмыс істейтін жұмыскердің тәртіпке қатысты міндеттерін қосқан жөн, мысалы:

1. Жұмыс уақытында байланыста болу, оның ішінде корпоративті ұялы телефон қосулы болу керек.

2. Жұмыс беруші белгілеген жұмысты орындау мерзімдерін сақтау.

3. Бөлім отырыстарына бейнеконференциялар арқылы қатысу.

4. Жұмыс уақытында жұмыс берушімен өзара әрекеттесу, жұмыс күні ішінде корпоративті электрондық поштаны тексеру, жұмыс күні ішінде немесе хаттың өзінде көрсетілген уақыт ішінде корпоративті электрондық поштаға жауап беру.

5. Жұмыс берушінің талабы бойынша жұмыс күні ішінде орындалған жұмыс туралы есептерді беру.

Еңбек шартында жұмыскердің телефон нөмірін және корпоративті электрондық пошта мекенжайын көрсетуге кеңес береміз.

Сондай-ақ, тікелей еңбек міндеттерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жұмыскердің лауазымдық нұсқаулығын жасап, онымен жұмыскерді таныстыру қажет.

ҚР ЕК-нің нормаларына сәйкес ұқыпсыз жұмыскерді әрдайым тәртіптік жауаптылыққа тартуға болады. Қашықтықтан жұмыс істейтін, жұмыстан жалтарып жүрген жұмыскерді жазалау үшін осы мақалада кеңінен түсіндірген құжаттарды ресімдеудегі барлық ерекшеліктерді сақтауыңыз керек. Іске асырыңыз.



ОҚЫРМАН САУАЛЫ

ЕШЕБЖ жүйесінде жұмыс істеу үшін директордың орынбасарына өзінің ЭЦҚ кілті керек пе?

Иә, керек. Егер директордың орынбасарына еңбек шарттарына қол қою құқығы берілсе, сәйкесінше, электрондық еңбек шарттарына персонал жөніндегі директорға ресімделген ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы да қол қойылуы керек. Директор өзінің ЭЦҚ кілтін директордың орынбасарына бермеуі керек.




**ТОЛЫҚ
ЖАУАПТЫ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ
ЖҮЙЕСІНЕН
ҚАРАҢЫЗ**

ACTUALIS:
КАДРОВОЕ ДЕЛО
www.vip-kadry.mcfr.kz




Жұмыскердің жұмыс орнында болмағаны туралы актіні толтыру үлгісі

<p>«СҰҢҚАР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>		<p>Товарищество с ограниченной ответственностью «СҰҢҚАР»</p>															
<p>АКТ</p> <p>2021 жылғы 12 сәуір Нұр-Сұлтан қаласы</p>		<p>АКТ</p> <p>№ 37 город Нур-Султан</p>															
<p>П. П. Смирновтың жұмыс орнында болмағаны туралы</p> <p>Мен, сату бөлімінің бастығы Чураев Карим Даурович, сауда бөлімінің менеджері Мухин Андрей Викторовичтің және сату бөлімінің менеджері Рысқалиев Ерлан Сембайұлының қатысуымен төмендегі туралы акт жасадым:</p> <p>2021 жылдың 12 сәуірінде сату жөніндегі менеджер Петр Петрович Смирнов бүкіл жұмыс күні ішінде – сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыста болмады. Жұмыскердің жұмысқа келмеу себептері белгісіз.</p> <p>Осы акт 2021 жылғы 12 сәуірде сағат 18. 05-те жасалды.</p> <p>Осы актінің мазмұнын қолтаңбаларымызбен растаймыз:</p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 33%;">1. Сауда бөлімінің менеджері</td> <td style="width: 33%;"><i>Мухин</i></td> <td style="width: 33%;">А. Мухин</td> </tr> <tr> <td>2. Сауда бөлімінің менеджері</td> <td><i>Рысқалиев</i></td> <td>Е. Рысқалиев</td> </tr> </table> <p>Осы актіні жасаған:</p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 33%;">Сату бөлімінің бастығы</td> <td style="width: 33%;"><i>Чураев</i></td> <td style="width: 33%;">К. Чураев</td> </tr> </table> <p>Актімен таныстым:</p> <table border="0" style="width: 100%; margin-top: 20px;"> <tr> <td style="width: 33%; text-align: center;">_____</td> <td style="width: 33%; text-align: center;">_____</td> <td style="width: 33%; text-align: center;">_____</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">(күні)</td> <td style="text-align: center;">(қолтаңбасы)</td> <td style="text-align: center;">(қолтаңбаның толық жазылуы)</td> </tr> </table>			1. Сауда бөлімінің менеджері	<i>Мухин</i>	А. Мухин	2. Сауда бөлімінің менеджері	<i>Рысқалиев</i>	Е. Рысқалиев	Сату бөлімінің бастығы	<i>Чураев</i>	К. Чураев	_____	_____	_____	(күні)	(қолтаңбасы)	(қолтаңбаның толық жазылуы)
1. Сауда бөлімінің менеджері	<i>Мухин</i>	А. Мухин															
2. Сауда бөлімінің менеджері	<i>Рысқалиев</i>	Е. Рысқалиев															
Сату бөлімінің бастығы	<i>Чураев</i>	К. Чураев															
_____	_____	_____															
(күні)	(қолтаңбасы)	(қолтаңбаның толық жазылуы)															

Жұмыскерді сөгіс, ескерту немесе қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жазаға тарту туралы бұйрықтың үлгісі

**«СҰҢҚАР»
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі**



**Товарищество с ограниченной
ответственностью
«СҰҢҚАР»**

БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 12 сәуір
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 37-Ж/Қ
город Нур-Султан

жариялау туралы

(тәртіптік жазаның түрін көрсету)

(лауазымын көрсету)

(жұмыскердің тегін,

20__ жылғы «__» _____ №__

атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда) көрсету)

еңбек шартында және 20__ жылғы «__» _____ лауазымдық нұсқаулықта жүктелген еңбек міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64-ші, 65-баптарына және «_____» ЖШС Еңбек тәртіптемесінің қағидаларына сәйкес, **БҰЙРАМЫН:**

_____ сөгіс (қатаң сөгіс, (жұмыскердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда) көрсету) ескерту) жариялансын.

Негіз:

1) жұмыскердің тәртіптік теріс қылық жасағаны туралы 20__ жылғы «__» _____ №__ акт;

2) _____ лауазымы 20__ жылғы «__» _____ баяндау жазбасы;

3) жұмыскердің 20__ жылғы «__» _____ түсініктемесі (жұмыскердің түсініктеме беруден бас тартуы туралы 20__ жылғы «__» _____ №__ акт).

Директор

М. О.

Төлжанұлы

Ә. Төлжанұлы

Бұйрықпен таныстым:

(лауазымы)

(қолтаңбасы)

(қолтаңбаның толық жазылуы)

20__ жылғы «__» _____

Ш. Әбдіғалиқызы,
іскерлік әкімшілік магистрі, нұсқаушы-тренер,
«Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу» журналының авторы,
Алматы қ.



Ұсыным хат және мінездеме: құжат заңды күшін жоғалтпау үшін оны қалай ресімдеу керек



Бір қарағанда, ұсыным хат пен мінездеме – бұл мәні бірдей құжаттар. Шындығында, айтарлықтай айырмашылығы бар, мысалы осы құжаттардың бірі ресми, ал екіншісі ресми емес.

Ұсынымға ұқсамайтын және заңды күшін жоғалтпайтын мінездемені қалай жасауға болады, жаңа мақалада айтып береміз.



Мінездеме дегеніміз не?

Мінездеме – бұл адамның іскерлік және тұлғалық қасиеттерін қамтитын ресми құжат. Басқаша айтқанда, бұл ол туралы толық, дұрыс және объективті ақпарат.

Жұмыскерге арналған мінездемені мыналар үшін жасауға болады:

1) сыртқы мақсаттар үшін:

- жұмыскерге несие алу үшін банкке;
- егер жұмыскер баланы асырап алғысы келсе, қамқоршылық органдарына;
- егер жұмыскердің заңмен проблемалары болса, сотқа;
- мемлекеттік қызметке немесе басқа компаниядағы жұмысқа жүгінген кезде және т. б.

2) ішкі мақсаттар үшін:

- марапаттау үшін;
- жоғары лауазымға ауыстыру үшін;
- басқа құрылымдық бөлімге ауыстыру үшін;
- жазаны алып тастау (жазаға тарту) үшін;
- аттестаттау үшін және т. с. с.

Сыртқы мінездемені үшінші тұлғалардың немесе жұмыскер өзінің сұрау салуы бойынша жасалады.

Сыртқы мінездемеде жұмыскердің еңбек құзыреттілігін, еңбек функцияларын, оның жетістіктерін, ұжымдағы рөлін, әріптестерімен қарым-қатынасын сипаттайды.

Кейде мінездемеде жұмыскердің жағымсыз қасиеттері туралы айтылмайды, онда тек объективті, жағымды фактілер болады. Бірақ сонымен бірге мінездемеде жұмыскер туралы шындыққа сәйкес келмейтін мақтаулы ақпарат болмауы керек, өйткені мінездеме авторы ұйымның (жұмыс берушінің) атынан әрекет етеді және оның мазмұнына жауап береді. Дұрыс емес ақпаратты ұсыну компанияның беделіне кері әсер етуі мүмкін.

Мінездемеге ұйымның басшысы, кадрлар бөлімінің бастығы және жұмыскер жұмыс істеген (жұмыс істейтін) құрылымдық бөлімше бастығы қол қояды. Мінездеме-құжатты сыртқы органдарға ұсынғандықтан, басшының қолтаңбасын ұйымның елтаңбалы мөрімен расталуы керек.

Жұмыс орнынан **ішкі мінездеме** құру кезінде жұмыскердің шеберлігі мен дағдыларын, жұмыстағы табысы мен жетістіктерін сипаттайды, сонымен қатар жұмыскер жоғарылатылған немесе оған жауапты жұмыс жүктелген кезде комиссияның немесе жұмыс берушінің шешіміне әсер етуі мүмкін жасаған бұзушылықтарын, теріс қасиеттерін келтіреді.

Мәтін үшінші жақтан осы немесе өткен шақта ұсынылуы керек (мысалы, *жұмыс істейді* немесе *жұмыс істеген, орындайды* немесе *орындаған* және т. с. с.).

Қарамағындағы жұмыскерге арналған ішкі мінездемеге оны құрастырған құрылымдық бөлімше бастығы қол қоя алады. Сондай-ақ кадрлар бөлімінің басшысына да қосымша қол қоюға болады.

Жұмыс беруші жұмыскердің (оның ішінде бұрынғы жұмыскердің) талап етуі бойынша, өтінішпен жүгінген кезден бастап бес жұмыс күні ішінде мамандығы (біліктілігі, лауазымы), жұмыс істеген уақыты және жалақы

мөлшері көрсетілген анықтаманы, жұмыскердің біліктілігі және оның жұмысқа көзқарасы туралы мәліметтерді қамтитын **мінездеме-ұсынымды** беруге міндетті (ҚР ЕК 62-бабының 2-тармағы).

Мінездеменің құрылымы

Мінездемеде міндетті түрде келесі тармақтар мен деректемелер болуы керек (*1-қосымша*):

1. Ұйымның атауы.
2. Құжаттың атауы «**МІНЕЗДЕМЕ**».
3. Тегі, аты, әкесінің аты.
4. Білімі.
5. Отбасылық жағдайы.
6. Еңбек қызметі.
7. Осы ұйымдағы еңбек қызметі, лауазымы, жоғарылауы, еңбек қызметі, еңбек қызметінің нәтижелері.
8. Көтермелер, марапаттар, айыппұлдар.
9. Өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру (біліктілігін арттыруы, қосымша білім алуы және т. с. с.)
10. Мінезінің жеке қасиеттері (мысалы, жауапкершілік), әріптестерімен қарым-қатынас және т. с. с.
11. Мінездеме кімге арналған.
12. Қолтаңбасы, мөр.

Ұсыным хат деген не

Ұсыным хат – бұл бұрынғы жұмыс берушінің жұмыскер туралы кәсіби және жеке көзқарасы тұрғысынан жазған пікірі. Кез келген ұсынымның мақсаты объективті, жан-жақты ақпарат беру болып табылады:

1. Белгілі бір адам (жеке тұлға) туралы.
 2. Ұйым, кәсіпорын, мекеме (заңды тұлға) туралы.
- Ұсынымды жеке адам да, заңды тұлға да жазуы мүмкін.
Ұсыным хат компанияның фирмалық бланкісінде ресімделеді (*2-қосымша*).

Заңды тұлғаға (ұйымға) жазылатын ұсыным хат

Ұсыным хатты нарықтағы мінсіз беделі бар компания немесе құрметке ие және өз қызметі саласындағы құзыретті маман болып табылатын беделді адам жаза алады.

Көбіне қызметтерді ұсынатын ұйымдар (мысалы, тазалау, жөндеу жұмыстары және т. б.), аты әйгілі компаниялар әлеуетті клиенттер үшін ұсыным хат жазуды өтінеді.

Әрине, ұсыным хат жазып беруді сұрайтын компания жаңа клиентті тарту үшін, ұсыным хат авторының беделді пікірінің арқасында оған деген сенімділікті ояту үшін жақсы пікірге үмітті. Мұндай ұсыным хат жаңа серіктеспен мәміле жасаған кезде жақсы бонус бола алады.

Жеке тұлғаға жазылатын ұсыным хат

Көбінесе, ұсыным хат жұмыскердің кәсіби және жеке қасиеттері туралы жұмыс берушінің жеке пікірі болып табылады, әдетте онда нақты немесе әлеуетті жұмыс берушіге жіберуге болатын кепілдеме беріледі. Ұсыным хатты жазған кезде ұсынылатын жұмыскердің еңбек қызметінде болған шынайы фактілерді ғана пайдалану керек, өйткені жаңа жұмыс беруші растайтын құжаттарды сұратуы мүмкін. Егер ақпарат расталмаса, онда ұсыным хат авторының және ол жұмыс істейтін ұйымның беделіне нұқсан келеді.

Ұсыным хаттың құрылымы

Ұсыным хатта міндетті түрде келесі тармақтар мен деректемелер болуы керек:

1. Ұйымның атауы.
2. «**ҰСЫНЫМ ХАТ**» атауы.
3. Кімге арналған:

1) жұмыскердің Т. А. Ә., осы ұйымдағы жұмыс кезеңі, ол атқаратын функционалдық міндеттері; ол қатысқан жобаларды тізіп, қызметтің тиімділігі мен осы кезеңдегі қол жеткізілген нәтижелерді атап өтіп, соңында жұмыскер туралы өз пікіріңізді жазуыңыз қажет;

2) кәсіби дағдыларына мінездеме: белгілі бір міндеттерді орындау қабілеті, ұжымдық жұмыстағы рөлі, ұсынылатын жұмыскердің басқа жағымды және жағымсыз қасиеттері;

3) хат авторы ұсынылған адамға жауапты болғандықтан, оның жеке дағдылары мен мінез-құлық ерекшеліктерін шынайы түрде көрсету керек: ол адамдармен тіл табысуды біледі ме, жауапкершілік деңгейі, сөзінде тұра ала ма. Соңында сіз оны ұсынасыз ба әлде ұсынбайсыз ба, сол туралы пікіріңізді білдіруіңіз керек.

- 4) байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы.

Ұсыным хат пен мінездеменің айырмашылығы

Ұсыным хат	Мінездеме
<p>Ұсыным хат адам немесе ұйым, тауар, қызмет туралы пікір болып табылады, онда олар туралы ұсынымдар бар. Оның мақсаты: бұрынғы қызметкерді басқа ұйымдағы қызметке ұсыну немесе басқа компанияларға ұсынылған компанияның қызметтерін немесе тауарларын сатып алуды ұсыну. Ұсыным хат тек сыртқы агенттер үшін қолданылады. Ұйымның бланкісінде ресімделеді. Оны беделді адам ресімдеп, қол қояды, қолтаңбасы ұйымның мөрімен расталады.</p>	<p>Мінездеме жұмыскердің мінезіндегі жағымды және жағымсыз қасиеттерін көрсетеді. Одан жұмыскердің жұмыс барысында алған дағдылары туралы білуге болады. Мінездеме ішкі және сыртқы агенттер үшін қолданылады. Ішкі мінездеmeler бланкіде ресімделмейді. Оларға ұйым басшысы, кадр маманы, құрылымдық бөлімше бастығы қол қоя алады. Ішкі мінездеmelerге мөр басылмайды.</p>



ЕСКЕРЕ ЖҮРІҢІЗ


Егер сыртқы агенттерге арналған мінездеменің және ұсыным хаттың мазмұны оң болса, онда олардың ұқсас белгілері бар және ұсыным хаттың соңғы жолын қоспағанда, мазмұны жағынан бір-бірінен ерекшеленбейді. Ұсыным хаттың соңғы жолында қызметкерді белгілі бір лауазымға ұсынады.

Маңызды тұжырымдар

- 1. Егер жұмыскердің мінездемесін бөгде ұйым сұраса, сұрау салу туралы жұмыскерді хабардар етіңіз және оның келісімін алыңыз. Өйткені мінездемеде жұмыскердің жеке деректері болады.*
- 2. Егер сіз қызметкерді жоғарылатуды, аттестаттауды немесе марапаттауды жоспарласаңыз, ол туралы бөлім басшысынан пікір жазып беруін сұраңыз. Сол пікірдің негізінде директор шешім қабылдайды.*
- 3. Ұсыным хат – міндетті емес құжат, басшы қызметкердің жұмысына ресми баға беру-бермеуді өзі шешуге құқылы.*

Мінездеме үлгісі

**«Электрон»
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі**



**Товарищество с ограниченной
ответственностью
«Электрон»**

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы
М. Мақатаев көш., 14, 16-офис
+7-727-381-66-99
electron@gmail.com

Республика Казахстан
город Алматы
ул. М. Мақатаева, 14, офис 16
+7-727-381-66-99
electron@gmail.com

2021 жылғы 12 сәуір

**Бас инженер-энергетик Сәкен Омарұлы Сәрсенбаевқа
МІНЕЗДЕМЕ**

Сәкен Омарұлы Сәрсенбаев «Электрон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 2003 жылдан бері бас инженер-энергетик қызметін атқарады.

Алматы Энергетика және байланыс университетін «электроэнергетика» мамандығы бойынша бітірген.

Үйленген, алты баласы бар.

«Электрон» ЖШС-ға орналасқанға дейін 2000–2003 жылдар аралығында «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамының Телекоммуникация басқармасының Диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесін пайдалану қызметін техникалық қамтамасыз ету бөлімінде инженер болып істеген.

Сәкен Омарұлы Сәрсенбаев кәсіпорында оған сеніп тапсырылған қызмет саласында бір-қатар техникалық инновация әзірлеп енгізді. Бұл өз ретінде өндіретін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және серіктестер мен тұтынушылар санын ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Үнемі «Электроэнергетика» мамандығы бойынша біліктілігін арттыру және көшбасшылық қабілетін дамыту үшін түрлі курстарға қатысады. Компанияда жұмыс істеп жүріп екінші жоғары оқу орнын бітірді және іскерлік әкімшілік магистрі атағына ие болды.

С. О. Сәрсенбаев адал, жауапкершілігі мол, жұмыс қабілеті жоғары адам.

Оның тиімді басқаруының арқасында ұйымшыл, жоғары кәсіби ұжым қалыптасты.

Оның қарамағындағы қызметкерлер басшысы сияқты әрқашан көмектесуге, қасындағыларға білгенін үйретуге дайын, соның арқасында ұжымның жұмысы өте сапалы, нәтижелері жоғары.

Мінездеме «Еңбегі сіңірген энергетик» атағын беру комиссиясына берілген.

Бас директор

М. О.

Абдрахманов

А. Абдрахманов

Ұсыным хат үлгісі

**«Береке»
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі**

Эмблемасы,
логотип,
тауар белгісі
(қызмет көрсету
белгісі)

**Товарищество с ограниченной
ответственностью
«Береке»**

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы
Әл-Фараби даңғылы, 14, 12-офис
+7-727-381-77-88
bereke@gmal.com

Республика Казахстан
город Алматы
пр. аль-Фараби, 14, офис 12
+7-727-381-77-88
bereke@gmal.com

2021 жылғы 12 сәуір

ҰСЫНЫМ ХАТ

Құрметті ...!

Біз Сәрсен Қалдыбекұлы Боранбаевпен бірге 2018-2020 жылдар аралығында «Береке» компаниясы үшін «Болашақ серпіні» жобасына бірлесе басшылық жасадық. Жоба күрделі болды, сол кезеңде компанияда тұрақтамау арқасында мамандар көп ауысып отырды, ал басшылық қойған мақсаттар өте зор болатын. С. Боранбаев міндеттерге қол жеткізу үшін адамдармен жұмыс жүргізгенде барынша икемділік, біліктілік, қайсарлық танытты.

Сондай-ақ С. Боранбаевтың жеке және кәсіптік қасиеттерін айта кету керек: жауапкершілік, іске берілгендік, ой икемдігі, ақпаратты жүйелеу және өндірістік процесті ұйымдастыра білу, ақпараттық технологиялар саласындағы және жобаның мәндік саласындағы жоғары біліктілігі.

С. Боранбаевты жоғары білікті кеңесші, тәжірибелі басшы, сондай-ақ адамгершілігі мол адам ретінде ұсына аламын.

Қаржы директор

М. О.

Оразалин

А. Оразалин

+7-727-381-77-88 (ішкі 11)
+7-701-87-76-655
orazalin@gmail.com

И. Половникова,
«Mone Amour» ЖК бренд-менеджері, лайф-коуч,
психолог, Алматы қ.



Егер жұмыстың мағынасы қалмаса, не істеу керек: жаңа дағдылар көмектеседі

« Эрбір адамның өмірінде ештеңеге ынтасы болмайтын сәт туады. Ескі қызығушылығы мен әуесқойлығы қызықсыз болып қалады, жұмыста күшінің және өнімділігінің төмендеуі байқалады. Жұмыс істеуге күшіңіз де, ниетіңіз де жоқ. Бұл жағдайды жалқаулық деп қабылдамаңыз. Бұл олай емес. Мақаладан жұмыс істеуге деген құлшынысыңызды жоғалтудың негізгі себептерін және қандай әдістер мен жаңа әдеттер оларды жеңуге көмектесетінін білесіз.



Неге жұмыс істеуге ниетіміз болмай қалады

Жұмыс істеуге деген ниетіміз әртүрлі себептермен жоғалып кетуі мүмкін: ыстық, шаршағыштық, зерігу, ауру, уәждеменің болмауы, басшыға және жұмысқа көңілінің толмауы. Жұмыс істеуді қаламау қысқа мерзімді болуы мүмкін – кейде барлық адамда, тіпті ең жауапты адамда болады, бірақ сонымен бірге тұрақты түрде жұмыс істеуді қаламау болады, ол созылмалы түрге айналуы мүмкін.

Неліктен жұмыс істеуге деген ниеті жоғалуы мүмкін

Себебі	Түсіндірме
Егер қысқа уақытта жұмыс істегіңіз келмесе	
Ыстық	Жайсыз температура – өте жоғары және тым төмен – еңбек өнімділігін 20–30 % төмендетеді.
Өзіңізді жайсыз сезінесіз	Егер ұйқыңыз қанбаса немесе өзіңізді жайсыз сезінетін болсаңыз, онда баяу жұмыс жасайсыз. Ойлау процестерінің жылдамдығы, қозғалыстарыңыздың дәлдігі мен үйлесімдігі және т. с. с. төмендейді.
Шаршадыңыз	Мысалы, сіз жақында демалыстан оралдыңыз. Күш-қуатыңыз толы болу керек сияқты. Алайда, қайтадан жұмысқа бейімделу үшін ағзаңызға кем дегенде екі апта қажет. Ұшақтағы толқу, қарбалас, асығыс, ұйқы қанбау – мұның бәрі де шаршатады.
Зерігу	Далада жаз мезгілі – айналадағылардың бәрі көтеріңкі көңіл-күйде, алдағы немесе өткен демалыстың егжей-тегжейін талқылайды. Ал сіз әдеттегі істермен айналысуға қайта оралдыңыз.
Егер сіздің көп уақыттан бері жұмыс істегіңіз келмей жүрсе	
Сіз үшін жұмыстың мәні жоқ	Егер сізге жұмыста бәрі ұнаса, онда сізге арнайы уәждеменің қажеті жоқ. Бірақ кейбір жағдайлар сізді мазалауы мүмкін. Мысалы, бастық сізге айқалады немесе сіздің еңбегіңізді бағаламады.
Қатты ауырып қалдыңыз	Ауруды емдеу керек. Ол үшін ақша керек. Сондықтан күйзеліске түсіп, өзіңізді аямас бұрын, келесі демалыс күндерін күтіп, бәрін дұрыс ойластырыңыз.
Басшыңыздан көңіліңіз қалды	Сіз басшыдан толығымен көңіліңіз қалғанына сенімдісіз, көбінесе бір-біріне ренжіген жағдайлар болады. Бұл жағдайда сізге жұмыс орнын ауыстыру қажет болуы мүмкін. Егер сіз жұмысыңыздағы барлық артықшылықтарды, мысалы, үйге жақын, жақсы жалақы және т. с. с. жоғалтуға дайын болмасаңыз, онда бастыққа деген қарым-қатынасыңызды өзгертіңіз, амал іздеңіз. Сізге бастықты ұнатудың қажеті жоқ. Бұл неке емес, жай жұмыс.
Жұмыс ұнамай қалды	Сізге басшы ұнайды, бірақ істеп жатқан жұмысыңызды ұнатпайсыз және келешегіңіз жоқ сияқты. Онда өзіңізге басқа ыңғайлы жұмыс іздеуге дайынсыз ба, ойланыңыз. Немесе басшымен сөйлесіп көріңіз – мүмкін, келешегіңіз бар шығар.

Қысқа мерзімді жұмыс істегіңіз келмейтін ниетіңізбен қалай күресуге болады.

Егер сіз жұмысқа құлықсыз болып қалсаңыз, үрейленбеңіз. Сіз бұл күні еңбекқорлықтың кереметтерін көрсетпейсіз, бірақ ең аз шығындармен қиын күннің соңына дейін шыдап жүре аласыз. Қалай?

Қазіргі жағдайыңыздың себебін табыңыз. Мысалы, сіз кеше ғана Түркиядан ұшып келдіңіз. Сіздің ұшағыңыз таңғы сағат бесте қонды, содан кейін сіз жұмысқа кеттіңіз. Немесе сіз кеше саяжайда болдыңыз, бау-бақшада еңбектендіңіз, саңырауқұлақтар жинау үшін орманда жүгіріп жүрдіңіз және т. с. с. Бүгін сізде күш жоқ.



ҰСЫНАМЫЗ

«Қызанақ» техникасын қолданыңыз – бұл 25 минуттық жұмыс блогы. Әрбір «қызанақтан» кейін бес минут демалыңыз, ал төрт «қызанақтан» кейін ұзағырақ бір үзіліс жасаңыз.

Барлық іс-әрекеттердің тізімін жазыңыз, нақты іс-қимыл бағдарламасын белгілеңіз. Ойыңыздағы барлық істерді тізімге қыстырмаңыз, демалуға уақыт болатын бір күннің жоспары болуы керек. Істерді маңыздылығы мен жеделдігі бойынша сұрыптаңыз. Егер сізде бәрі «маңызды және шұғыл» болса, мүмкін проблемаңыздың және жұмыс істегіңіз келмейтіндіктің түп-тамыры сол шығар. Демек, сіз өзіңіздің жұмысыңызды дұрыс ұйымдастыруды және біреуге табыстауды білмейсіз. Маңызды емес және шұғыл емес істерді кейінге қалдырыңыз, мысалы, ертеңге, бір күнге, бір аптаға және т. с. с. Бүгін оларды жасамасаңыз, ешқандай салдар тудырмайтын істерді кейінге қалдыра аласыз. Маңызды емес заттарды басқа қызметкерлерге тапсырыңыз, ертеңге қалдырыңыз немесе әлі жасамасаңыз.

Өзін-өзі сендіру әдісін қолданыңыз. Сіз жұмыс жасағыңыз келмегенде, әдетте басыңызда дауысыңыз: *«Ештеңе жасама, сен қатты шаршдың»* деп жаңғырып тұрады. Мұндай ойлар сізді тек босаңсытып, күш пен ерік-жігерден айырады. Ойлауды тоқтатып, әрекет ете бастаңыз. Сізге: *«Мен бұл туралы кейінірек ойланамын...»* деген сөйлем көмектесе алады. Кез келген уақытта қиын немесе шұғыл жұмыстардан аулақ болғыңыз келсе, өзіңізге осы фразаны айтып, дереу әрекет жасаңыз. Бұл техниканы шамадан тыс пайдаланбаңыз, әйтпесе ол жұмыс істемей қояды.

Күнделікті ісіңізбен айналысыңыз. Автоматты түрде жасай алатын механикалық жұмыспен айналысыңыз. Бұл сіздің көңіл-күйіңізді сәл көтеріп, жұмыс жағдайын қалыптастырады. Белсенділігіңізді сезінгенде – қиынырақ істерге ауысыңыз.

Өзіңізге сыйақы беріңіз. Өзіңіз жасағыңыз келмейтін жұмысты орындағаныңыз үшін, өте қалаулы, әдетте өзіңізге рұқсат етпейтін нәрсені алуға уәде беріңіз. Бұл дәл қазір басыңыздағы өзіңізді аяушылықтан, барлық қажетсіз ойлардан арылып, «үйінділерді тазалауға», яғни жедел жұмысқа кірісетіндігіңіз үшін бонус болсын. Сыйлығыңызды ауыр жұмыс күнінен кейін бірден алуыңыз өте маңызды. Егер сыйақыны кейінге қалдырсаңыз, онда сіздің жұмысқа деген ынтаңыз мүлдем жоғалып кетеді.

НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ

Егер сіз үнемі жасауға тура келетін белгілі бір жұмыс түрлерін, мысалы, «жағымсыз», «қиын», «біліксіз» деп ойша таңбаласаңыз, онда сіз оны автоматты түрде істегіңіз келмейді.

Эмоцияларыңызды басқаруды үйреніңіз. Ешбір басшы сіздің жеке қиындықтарыңызға және бүгін жұмыс істегіңіз келмейтін себептерге терең үңілмейді. Иә, егер сіз ауырып жатсаңыз, сізді үйге емделуге жібереді. Бірақ егер сіз жұмыс істеудің орнына орынсыз эмоцияларға берілсеңіз, онда ешкім сізді жұмыста ұстағысы келмейді. Сондықтан эмоцияны бақылауға алу керек.

Қазір сізде қандай эмоция басым екенін біліп алыңыз, мысалы, бұл қайғы делік. Оны ойлануға ауыстыруға болады – бұл бейтарап эмоция, оған көшу оңайырақ. Ойлаудан сіз өзіңізді «сергітіп», қуанышқа бара аласыз. Мұны істеу үшін сіз ешкім көрмейтін жерге барып, бірнеше рет отырып-тұрып, ары-бері иілуіңізге, қолдарыңызды сермеуіңізге, дәлізде біраз жүріп, бұлшық еттеріңізді босатуыңызға, дем алуыңызды дұрыстауға болады. Ең бастысы, дәл қазір өзіңізді аяйтыныңыз туралы ойлардан арылу керек. Бұл жұмыс істейді.

Өзіңізді дәмді тағаммен еркелетіңіз. Өзіңіз қалаған нәрсені жеңіз. Егер қағидадағы ерекшелік тек бір рет болса және жаңа әдетке айналмаса, онда тәтті және пайдасыз нәрсе сізге күннің соңына дейін шыдауға көмектеседі.

Егер сіздің көп уақыттан бері жұмыс істегіңіз келмей жүрсе, не істеу керек

Күндер ауыса береді, бірақ күйзеліс жойылмайды, тек күшейе түседі. Күш жоқ, қуаныш жоқ, мұның шегі болмайтын сияқты көрінеді. Не істеу керек?

Не үшін және кім үшін жұмыс істеп жатқаныңызды ойланыңыз. Өзіңіз үшін, отбасыңыз үшін, балаларыңыз үшін, кәсіби тұрғыда өсу үшін, жеткілікті ақша болу үшін, өмірді белгілі бір деңгейде жүргізу үшін және т. с. с.

Неліктен жұмыстан шаршағаныңызды түсініп алыңыз. Мысалы, сіз басшыңызбен немесе әріптестеріңізбен жанжалдасасыз, ұзақ уақыт бойы ауырып жүрсіз, үнемі шаршап жүресіз, көп жылдар демалыста болмадыңыз және т. с. с. Тұрақты жұмыс істеуге құлықсыздық әдетте ауыр себептерден туындайды. Егер олар онша маңызды емес болса, онда құлықсыздық бір күнде өздігінен жойылып кетер еді. Үйге келіп, қанып ұйықтап алсаңыз, таңертең бәрі жақсы болар еді. Егер олай болмаса, не болып жатқанын және неге бұрынғыдай жұмыс жасағыңыз келмейтінін анықтауға тырысыңыз.

Жағдайға деген көзқарасыңызды өзгертіңіз. Мысалы, егер басшы біреуге айқайлап сөйлеуді ұнатса, бұған эмоционалды қараудың қажеті жоқ. Өзін-өзі қалыпты бағалайтын адам үшін басшының айқайы жағымсыз, бірақ соншалықты өлтіретін емес. Бастықпен өзара шабуыл жасамау туралы келіссөз жүргізе алған көптеген хатшылар бар. Өздерін ашулы ұстайтын басшыларға сабырлы түрде жауап беретін хатшылар бар. Ондай басшылармен де, әйтеуір, біреу жұмыс істеуі керек қой. Оның үстіне, оларға жоғары жалақы төлейді.

Біз көбінесе кемшіліктерді ғана көреміз, ал артықшылықтарды байқамаймыз. Оларды табуға тырысыңыз, сонда сіздің көзқарасыңыз біршама өзгереді. Басшыны өзгерте алмайсыз – ол ересек, тәуелсіз, мәртебелі адам. Сондықтан, жағдайға деген көзқарасыңызды өзгертуіңіз керек.

Өзіңізді жұмыс қалпыңызға келтіріңіз. Қалыпты жағдайға келуге көмектесетін ресурстарды анықтаңыз. Мысалы, демалыс сізге жаңа тәжірибе алуға, демалуға, жаңа адамдармен танысуға және күш-қуат жинауға көмектеседі. Ұйқы психикалық тепе-теңдікті қалпына келтіруге көмектеседі, қозғалыстар мен ақыл-ой қабілеттерін үйлестіруді жақсартады. Жақсы, дәмді тағам жағымды эмоциялар береді. Спорт күйзелістен жақсы арылтады. Мас-

саж – қысылып қалған бұлшықеттеріңізді босатады. Егер сіздің өз-өзіңізді бағалауыңыз төмендесе, достарыңыз бен отбасыңыздың қолдауы көмектеседі.

Жұмыс істегіңіз келмеудің психологиялық артықшылықтары болуы мүмкін деп ойлаңыз. Мысалы, әріптестеріңіз бен бастығыңыз сізді аясын деп – сіз соншалықты көп жұмыс істедіңіз, шаршадыңыз, ауырдыңыз, және сізді ешкім жақсы көрмейді немесе бағаламайды... Немесе бастық ақыры сіздің ортақ іске қосқан үлесіңізді атап өтті, әйтпесе ол сізді мүлдем байқамайтын. Айналадағы адамдарды осылай балаша басқаруға болмайды. Сүйіспеншілікке басқа жолдармен жету керек. Мысалы, жомарт, мейірімді, қамқор, ілтипатты және т. с. с. болыңыз.

Көбіне біз мәселені кез келген нәрседен көруге дайынбыз, бірақ өзімізден емес. Бұл дұрыс емес. Неліктен жұмыс жасағыңыз келмейтінін түсіну үшін жағдайды жалпылама қарастырыңыз. «Нашар» басшылардан үнемі қашып, өзіңізді жақсылыққа лайық деп санау сізге бүлінген түйіндемеден басқа ештеңе бермейді. Сіз өзіңіздің мәселелеріңізді шешпейсіз, және көп уақытыңызды, жүйкеңізді және ақшаңызды жоғалтасыз. Жұмыс істегіңіз келмейтін себептер көбінесе өте қарапайым: сіз шаршадыңыз, пайдаңызды түсінбейсіз, өзіңізді қалай ынталандыруды білмейсіз.

Өзіңізді жұмысқа ынталандыру үшін қандай тәсілдер қолдану керек

Өзіңізді жұмыс істеуге «көндірудің» екі әдісі бар: уәждеме ойлап табыңыз немесе ерік-жігерді қолданыңыз. Соңғы әдіс жұмыс істейді, бірақ ұзаққа созылмайды. Дененің қоры шексіз емес, бір сәтте сіз өзіңіздің күшіңіз таусылып бара жатқанын сезесіз, сондықтан уәждемені қолдануды ұсынамыз.

«Қамшы мен тәтті» қағидатын есіңізге түсіріңіз. Уәждеменің екі негізгі түрі бар: жамандықтан аулақ болу және жақсылыққа ұмтылу. Алдымен не істеу керектігін анықтасаңыз, жағымсыз да, жағымды да уәждеме жақсы жұмыс істейді. Алдымен сіз өзіңізге бір уәждеме таңдауыңыз керек, содан кейін оны орындаңыз. Нәтижесінде не айыппұлдан құтыласыз не сыйақы аласыз.

Уәждеменің жағымды және жағымсыз тәсілдері

Тәсіл	Сипаттама
1	2
Жағымды тәсілдер	
Кішігірім сыйақылар	Күні бойы қолдануға болатын шағын сыйақылар тізімін жазыңыз. Мысалы: әріптесіңізбен бес минут сөйлесу, шай ішу, кәмпит, алма жеу т. с. с.
Ірі сыйақылар	Сыйақыға апаратын жолды ойынға айналдырыңыз. Әрбір кішкентай жетістік үшін өзіңізге бес ұпай беріңіз. Ұпайларды есептеу үшін кішкене блокнот бастаңыз, онда әр жеңісіңізді және жиналған ұпайлар санын жазыңыз. Оларды жинаңыз: мысалы, сіз 1000 ұпай жинасаңыз – дүкен аралаңыз. 5000 ұпай жинасаңыз – демалысқа барыңыз. Ең бастысы – ойын жұмысқа кедергі келтірмей, көмектесу керек.

1	2
Кейінге қалдырылған сыйақылар	Сыйақыларды кейінге қалдыруға болады. Егер сіз бүгін жұмысыңызға риза болсаңыз, кешке өзіңізді ерекше нәрселермен еркелетіңіз, мысалы, романтикалық кешкі ас ұйымдастырыңыз, киноға барыңыз және т. б.
Жағымсыз тәсілдер	
Айыппұлдар	Мысалы, егер сіз салмақтан арылғыңыз келсе, сіз құрбыңызбен келісесіз, ал белгілі бір уақытта қажетті нәтижеге қол жеткізе алмасаңыз, сіз оған алдын ала келіскен белгілі бір соманы төлейсіз.
Қалаған нәрсеңізден бас тарту	Мысалы, темекі шегушілер темекіні тастайды. Кино көруді жақсы көретіндер – кино көруден бас тартады және т. б.
Ауыртатын физикалық жаттығулар	Әдеттегі отырып-тұрулар немесе еденнен денеңді көтеру бұлшық-еттерді жаттықтырып қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір ауыр сезім тудырады, егер сіз бұған тым дайын болмасаңыз.

Жағымды және жағымсыз уәждемені араластырып қолданыңыз. Тек бір жағын қолданғаннан гөрі, аралас қолданған жақсы. Уәждеме қарапайым, түсінікті және дәйекті болуы керек. Егер сіз бүгін дәл сол әрекет үшін өзіңізді – теріс, ал ертең оң ынталандырсаңыз, сіздің ойыңыз шатаса бастайды, жақсы әдет пайда болмайды және сіз не істеріңізді білмей қаласыз. Сондықтан автоматизмдерді дамытыңыз. Уақыт өте келе сіз қалай жұмыс істейтіндігіңізді ойламайтын боласыз.

Жұмысыңыздың артықшылықтарын табыңыз. Мысалы, жоғары әлеуметтік мәртебе, жақсы жалақы, қызықты міндеттер, мансаптық мүмкіндіктер және т. б. Көптеген адамдар хатшының кейбір міндеттерін, мысалы шай мен кофе әкелу, бастықтың жеке өтінішін орындау және т. б. кемсітетін міндеттер деп санайды. Олар жағымсыз эмоцияларды тудырады. Жұмыстың жағымсыз жақтарын емес, жақсы жақтарын ойлаңыз. Сонда сіз әр іс-әрекетке ынталандыру үшін аз күш жұмсайсыз. Еңбектің рахатын сезініп үйреніңіз. Мұны істеуге өзіңізге рұқсат етіңіз.

Жұмыстан кету туралы ойлауға асықпаңыз. Сіздің қазіргі жұмысыңыздың артықшылығынан әлдеқайда асып түсетін ұсыныс алған кезде кетуге болады. Әйтпесе, сіз жұмыстан кетуіңіз мүмкін, бірақ жаңа жұмыс тауып алуыңыз екіталай. Сонда бір сәттік эмоциялардың жетегіне ергеніңізге өкінесіз. Тек, әйтеуір, кету үшін ғана сүйікті жұмысыңыздан кетудің қажеті жоқ.

Күйзелісті басқарудың қандай тәсілдері көмектеседі

Сізге жұмыс істеуге деген құлшынысыңызды төмендетпеу үшін күйзелісті басқарудың бірнеше тәсілдерін меңгеріп, оларды өз жұмысыңызда қолдануды ұсынамыз. Күйзелісті басқару сізге өнімді жұмыс істеуге көмектеседі.

Мүмкін болатын қиындықтарға алдын ала дайындалыңыз. Өзіңізді кенеттен жоғалтуыңыз мүмкін типтік жағдайларға психологиялық дайын болыңыз. Дайындалмаған хатшы ерсі жағдайға түсуі мүмкін, мысалы, телефонға жауап беру кезінде қате жіберуі, ВИП-қонақтардың үстіне шай немесе кофе төгіп

қоюы және т. б. Бұдан кейін жағымсыз салдары туындай бастайды: сіз телефон қоңырауына қате жауап бердіңіз, басшы естіп қойып, сізге ескерту жасады. Әрі қарай не болады? Сізде жағымсыз эмоциялар пайда болады, көңіл-күйіңіз түсіп, жұмыс істегіңіз келмейді. Сіз жұмыстың соңына дейін болған жағдайды ойлап, алаңдайсыз. Алайда бұған жол бермеуге болады.

Келбетіңізді сақтаңыз. Хатшы компанияның келбеті екенін ұмытпаңыз. Қарапайым «адамдық» реакцияларға – көз жасыңызға, айқайлауға, ашуланшақтыққа және т. с. с. жол бермеңіз. «Покер ойыншысының беті» деген нәрсе бар. Бұл, адам сол сәтте бастан кешкен эмоциялары оның бетінде көрінбейді дегенді білдіреді.



Ұсақ-түйек нәрселерге қадалмаңыз. Күн сайын жұмыста болатын қиындықтардың көпшілігі ұсақ-түйек. Сіз туралы біреудің айтқанына немесе ойына ренжігеніңіз қазір дұрыс па? Бес жылдан кейін сіз бұл жағдайды есіңізге түсіре алмайсыз да.

Жаңа пайдалы әдеттерді қалай үйренеміз

Егер сізде дәлелді себеп болмаса, жұмыс істегіңіз келмеуі – бұл жаман әдет, оны жақсы әдетке ауыстыруға болады.

Жақсы және жаман әдеттеріңізді анықтаңыз. Өз күніңізді талдаңыз. Ол шамамен бірдей шағын блоктардан тұрады. Әдеттеріңіздің жақсы немесе жаман екенін анықтау үшін өзіңізді бақылаңыз.

Жаман және жақсы әдеттер

 Жаман әдеттер	 Жақсы әдеттер
Кешігу Бір істі соңына дейін жеткізбеу Істерді кейінге қалдыру Бірдемесі болар деп үміттену Жұмысын соңғы сәтте ғана орындау Ұйқысын қандырмау Және тағы басқа (тізімді толықтырыңыз)	Уақытында келу Істі соңына дейін жеткізу Істерін жоспарлау Түрлі жолдарын есептеп, ескеру Жұмысын жоспар бойынша орындау, соңғы сәтке дейін қалдырмау Өз денсаулығын ойлау, 7–8 сағат ұйықтау Және тағы басқа (тізімді толықтырыңыз)

Өзгертіңіз келетін әдетті таңдаңыз. Мысалы, сіз істерді кейінге қалдырумен және кешігу мәселелерімен күрескіңіз келеді. Бұл әдеттердің қай уақытта жұмыс істейтінін анықтаңыз. Кез келген нәрсені кейінге қалдыратын, кешіктіретін, жолға шығу уақытын кешіктіретін немесе жолдың уақытын дұрыс белгілемейтін адам, әдетте, күнделікті немесе керісінше күрделі жаңа міндеттермен бетпе-бет келеді.

Әдетті жаманнан жақсыға ауыстырыңыз. Мысалы, сіз тапсырманы тура сол алған күні жасағыңыз келеді. Немесе жұмысқа он минут ерте келгіңіз келеді. Бірдеңені кешіктірмей және уақытында жасау жақсы және дұрыс деген идеяны қолдайтын мысалдарды табыңыз. Мысалы, егер қиын тап-

сырма уақытында орындалмаса, бастық тағы да тапсырмалар береді, кейін үйінділерден шығу қиынға соғады және кешке дейін жұмыста отыруға мәжбүр болады. Ал егер сіз жұмысқа уақытында келсеңіз, сізде бәрине уақыт болады, ал басшы оны бағалайды.

Жаңа әдетті нығайту үшін не істеу керектігін ойлаңыз. Жұмысты уақытында аяқтау үшін, ойланбастан бірден бастау керек. Сонымен бірге жағымсыз істі оңтайландырыңыз. Мысалы, 100 конвертті қолмен емес, Word-та конверттерге қалай автоматты түрде жазбаларды басып шығаруға болатынын анықтаңыз. Мұны қалай үйренуге болады? Өте оңай. «100 конвертке жазба жазуым керек» деп есіңізге түсіресіз. Бірақ, «әлі уақыт бар ғой, оны ертеңге қалдырайын...» деген ой келеді. Дәл осы сәтте қандай шешім қабылдағаныңызды саналы түрде бақылауыңыз керек. Уақытыңызды жұмсаудың орнына қазір жұмысты бітіресіз деп өзіңізбен келісіңіз, ал содан кейін... Әрі қарай не істейтіндігіңізді ойлаңыз және оны міндетті түрде орындаңыз. Мысалы, қысқа үзіліс жасаңыз, әріптесіңізбен сөйлесіңіз және т. б.

Кешіктірмеу үшін өзіңізге қосымша уақыт беру керек. Смартфонға екі дабылды орнатыңыз. Бірінші қоңырау – 10–15 минут бұрын, ал екіншісі дәл уақытта соғылуы керек. Осы 10–15 минутта сіз дайын болуыңыз керек. Егер сіз бастықтың бұйрығын орындауға үлгермесеңіз, смартфонға да дабылды орнатыңыз. Ол қоңырау шалғанда, тапсырманы бастаңыз немесе алдыңғы тапсырманы орындап, келесіге өтіңіз.

Ескінің орнына жаңа әдетті саналы түрде енгізе бастаңыз. Жаңа әдетті параққа жазыңыз. Оны көретін жерге іліп қойыңыз немесе әмияныңызға салып, үнемі қарап жүріңіз. Смартфонға еске салғыштар орнатуға немесе компьютерде файл жасауға болады.

Күн сайын жаңа әдетті қолдайтын және керісінше ескіні қолдамайтын нәрсе жасаңыз. Жетістік үшін өзіңізді марапаттаңыз, жетістіктеріңізді қадағалаңыз. Шамамен бір айдан кейін жаңа әдет ескіні алмастырады, сонда келесі жаңа әдетті игеруге көшуге болады. Осылайша сіз біртіндеп жұмыс жасаудан жиіркенуге мәжбүр еткен әдеттеріңізді өз жұмысыңыздан ләззат алатын жаңа, пайдалы нәрселермен алмастырасыз. Тек абай болыңыз – жұмысқа деген шамадан тыс құлшыныс адамды шаршатып жіберуі мүмкін. Демалысыңызға, жеке өміріңізге және қажет деп санайтын кез келген нәрсеңізге уақыт қалдырыңыз.

Сіздің мақсаттарыңыз неғұрлым жоғары болса, мысалы, мансап құру, көп ақша табу, беделді компанияда жұмыс жасау және т. с. с., соғұрлым жақсы әдеттерді игеруге тура келеді және жаман әдеттердің орнын жақсы әдеттермен ауыстыруға тура келеді. Есіңізде болсын, жұмыс істегіңіз келмеу – **бұл тек жаман әдет қана.**

Неліктен жұмыс жасағыңыз келмейтінін түсіну үшін жағдайды жалпылама қарастырыңыз. Қиындықтардан қашу сізге бұзылған түйіндемеден басқа ештеңе бермейді. Жағымды және жағымсыз уәждемені араластырып қолданыңыз. Тек бір жағын қолданғаннан гөрі, аралас қолданған жақсы. Есіңізде болсын, уәждеме қарапайым, түсінікті және дәйекті болуы керек. Жаман әдеттеріңізді жақсы әдеттерге ауыстырыңыз.

А. Адельгужин,
құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды
архивтік сақтау жөніндегі сарапшы, Алматы қ.



Іс құжаттарының сипаттамасы: түпнұсқалығы, толықтық дәрежесі, көрсету әдісі және сыртқы белгілері

« Журналдың алдыңғы санында біз мемлекеттік архивтің басқару құжаттарына арналған ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесінің құрамы туралы айтқан болатынбыз. Тақырыпты жалғастыра отырып, құжаттардың түпнұсқалығын, толымдылық дәрежесін, сондай-ақ істерді көрсету тәсілдері және сыртқы ерекшеліктері туралы айтамыз. »

Құжаттың түпнұсқалығы: белгілеу және көрсету

Істің құжаттарын бейнелеу барысында, олардың көшірмелігі көрсетіледі. Аса құнды құжаттарды бейнелеу барысында, олардың түпнұсқасы немесе көшірмелігі белгіленеді және көрсетіледі. **Ресми құжаттардың түпнұсқа екендігін көрсететін белгілер:** ұйымның ресми бланкісі, лауазымды тұлғаның қолтаңбасы, ұйымның мөрі және т. б.; жеке тектік құжаттар үшін – құжат иесінің өз қолымен жазылуы немесе қолтаңбасының бар болуы. Егер түпнұсқалық туралы мәліметтер атауында көрсетілген бір құжатқа (құжаттар бөлігіне) қатысты болса, түпнұсқалық туралы нұсқаулар құжаттың

(құжаттардың) сипатынан кейін жақша ішінде кішкентай әріптермен жазылады.

Істе құжаттардың түпнұсқалығы немесе көшірмесі жазба әріптерімен атаудан соң жазылады. Егер, атауында көрсетілген бір немесе бірнеше құжаттар ғана көшірме болып табылатын болса, атауында олардың көшірме екендігі көрсетілген құжаттан (құжаттардан) кейін жақша ішінде кішкентай әріптермен беріледі.

Егер істегі құжат (құжаттар) аннотацияланатын болса, түпнұсқа немесе көшірме туралы мәлімет аннотациядан соң жазба әріптерімен беріледі.

Егер істе аса құнды бірақ толығымен сақталмаған құжаттар болған жағдайда, олардың толықтығының дәрежесі көрсетіледі: «үзінді», «жекелеген парақтар», «басы жоқ», «соңы жоқ» және сол сияқты.

Аталған құжаттар түріне (әртүрлі құжаттарға) жаңғырту ерекше болған жағдайда немесе мазмұнын сипаттау үшін принципті мәні болған жағдайда құжаттар үшін жаңғырту тәсілі көрсетіледі.

Құжатта жаңғырту әдісін көрсету үшін мына терминдер қолданылады:

- 1) қолжазба;
- 2) қолтаңба;
- 3) машинкаға басылған;
- 4) баспа;
- 5) гектограф;
- 6) стеклограф;
- 7) баспа тақтайшаларының бедері және басқалары.

Егер істің сыртқы ерекшелігі архив қорындағы құжаттардың көпшілігінен ерекшеленетін болса, оны баяндау барысында сол ерекшеліктері көрсетіледі.

Істер мен құжаттардың сыртқы ерекшелігіне мыналар жатады:

- 1) ерекше жазба материалы (пергамент, жібек және сол сияқты);
- 2) мұқабаның және тысының ерекше материалы (былғары, бедерлі мата және сол сияқты);
- 3) мұқабадағы безендіру;
- 4) мәтіндегі иллюстрациялар немесе безендірулердің бар болуы;
- 5) архив қоры құжаттарының тілінен ерекшелеп тұратын құжаттардың тілі;
- 6) мөрлер;
- 7) қосымша қағаздар, маталар үлгісінің және тағы сол сияқтылардың бар болуы;

Толықтық дәрежесі туралы, жаңғырту әдісі туралы, құжаттың ішкі және сыртқы ерекшеліктері туралы деректер атаудан соң келтіріледі және аңдатпа жаңа жолдан басталады.

Архив қорының және оның бөлігінің атау белгісі

Істі сипаттау кезінде қор жасаушы ұйымның атауы көрсетіледі. Егер іс кеңседе болған кезеңде ұйымның атауы өзгерген болса, онда ұйымның

соңғы атауын көрсетеді. Егер іс бір ұйымда басталып, екіншісінде аяқталған болса, онда архив қорына осы іс жіберілетін соңғы ұйымның атауын жазу керек.

Жеке шыққан архив қорын сипаттау кезінде қор жасаушының тегі, аты, әкесінің аты толық жазылуы керек. Егер қор жасаушы бүркеншік атпен жақсы танымал болса, онда алдымен бүркеншік атын, содан кейін жақшаға – нақты тегі, аты және әкесінің атын көрсетеді.

Іс құжаттарының шеткі даталарын анықтағанда нені білу керек

Құжаттың күндерін белгілеудің толықтық дәрежесі құжаттардың сипатына байланысты болады. Толық күнді (күнін, айын, жылын), әдетте, сипаттаған кезінде көрсетеді:

- 1) өкімдік, шығармашылық құжаттаманы, бір мәселе бойынша істерді;
- 2) датасын қою олар үшін маңызды мәні бар құжаттарды (баяндамалар, ұнхаттар, стенограммалар, хаттар және сол сияқтыларды).

Істі құрайтын құжаттардың шеткі даталарын анықтаған кезде **мыналарды ескеру қажет:**

1) істің бастапқы датасы болып ең алдыңғы жасалған (тіркелген) құжаттың күні, ал ақырғысы – ең соңғы жасалған (тіркелген) құжаттың датасы болып табылады;

2) жарғылардың, шарттардың, қаулылардың, бұйрықтардың, өкімдердің және тағы сол сияқтылардың даталары олардың қол қойылған күні бойынша көрсетіледі, егер құжаттардың датасы көрсетілмеген болса, онда даталар жарияланған немесе күшіне енген күні бойынша көрсетіледі.

3) жоспарлар, есептер және тағы сол сияқты құжаттар үшін шеткі даталар қойылмайды;

4) егер істегі қосымша құжаттарға істің бірінші құжатынан бұрын даталар қойылған болса, онда олардың даталары жаңа жолдан «__ жылдың құжаттары бар» деп ескертіледі;

5) егер іс түпнұсқаларынан айтарлықтай кейінірек жасалған немесе жұмыс үшін қор жасаушымен алынған құжаттар көшірмелерінен (мысалы редакциялардың, әртүрлі комиссиялардың және сол сияқтылардың архивтік қорларында) тұратын болса, онда көшірмелерді дайындау даталары шеткі даталар болып табылады; түпнұсқалардың даталары тақырыпта көрсетіледі;

6) егер іс бір ұйымда басталып, басқа ұйымда аяқталса, онда үш дата: бірінші ұйымның іс жүргізуінде істің басталуы датасы, оның екінші ұйымға келіп түскен датасы және соңғы ұйымның іс жүргізуінде оның аяқталған датасы анықталады; алғашқы екі дата бөлшек түрінде белгіленеді;

7) егер істе революцияға дейінгі және кеңес кезеңіндегі құжаттар болса, соңғы датаға екі дәуірдің де датасы кіргізіледі;

8) датасын көрсеткен кезде алдымен жылы, содан кейін күні мен айы көрсетіледі.

Даталар құжаттардың даталанған стилі мен тәртібі бойынша (басқа стильге аудармай) көрсетіледі, мынаны қоспағанда:

1) ескі стильді жаңа стильге ауыстыру уақытына жататын құжаттары бар, яғни 1918 жылғы 14 ақпан мен 1 шілде аралығындағы істерде екі дата көрсетіледі:

- алдымен жаңа стиль бойынша датаны көрсетеді;
- содан соң жақшаның ішінде – ескі стильдегі дата көрсетіледі, мысалы, 1918 жылғы 8 мамыр (25 сәуір);

2) егер істегі құжаттар ескі стильді жаңа стильге ауыстырғанға дейін жасалса және халықаралық маңызы бар оқиғаларға қатысты болса, онда оған ескі стиль бойынша дата қойылады, кейін жақшаның ішінде жаңа стиль бойынша дата жазылады.

Барлық даталар қазіргі заманғы хронологияға аударылған: құжаттарда көрсетілген күндер жақшамен берілген.

Егер істің толық мерзімі немесе олардың жеке элементтері құжат мағынасы анализі негізінде шамамен айқындалатын болса, өзгерістер келісіледі, ал мерзімі немесе жеке элементтері төртбұрышты жақшаға алынады. Толығымен анықталмаған толық немесе олардың жекелеген элементтерінің соңына сұрау белгісі қойылады.

[1919 жылдан ерте емес]; [1920 жылғы] сәуірден ерте емес – мамырдан кешіктірмей;
[1939 жылғы] 25 сәуірден ерте емес; 1954 жылғы 15 [қаңтар]; [1954 жылғы] 15 қаңтар;
[1954 жылғы 15 қаңтар].



МЫСАЛ

Парақтар саны

Құжаттарды ретке келтіру және олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін істің барлық парақтары нөмірленуі керек. Іске жеке параққа куәландыру жазбасы жазылады; куәландыру жазбалары бар парақтар, бос парақтар сияқты нөмірленбейді.

Карточкадағы және істің мұқабасындағы парақтардың саны іс құрылған жылдан кейінгі куәландыру жазбасының негізінде немесе жаңа жолдан оның құжаттарын қабылдау мерзімдерінің негізінде қойылады.

Куәландыру жазбасы

Істің куәландыру жазбасында оның құжаттарының нөмірленуі мен физикалық жағдайының келесі ерекшеліктерін көздейді:

- 1) желімделген парақтардың нөмірлері;
- 2) жапсырылған фотосуреттері, құжаттары бар парақтардың нөмірлері;
- 3) үлкен парақтардың нөмірлері;

4) қосымша құжаттары бар конверттердің нөмірлері және оларға салынған парақтар саны;

5) жеке нөмірленген құжаттардың атаулары және парақтардың саны (парақтар);

6) істің физикалық жағдайы;

7) істің хат жазылған (жоқ) парақтарының нөмірлері.

Егер істе парақтардың жалпы нөмірленуі болса, бірақ істің бір бөлігі рим цифрларымен, ал екіншісі араб цифрларымен нөмірленсе, куәландыру жазбасында парақтардың жалпы саны көрсетіледі. Егер істің бір бөлігі – парақтармен, ал екіншісі беттермен нөмірленсе және мұндай нөмірлеуді сақтау қажет болса, онда куәландыру жазбасында аралас нөмірлеу қойылады.

42 парақ + 5 бет. Істегі құжаттардың ішкі тізімдемесінің парақтар санын істің парақтар санын көрсеткеннен кейін (+) белгісінің көмегімен белгілейді.



МЫСАЛ

Істің архив шифрі

Істің мұқабасында арнайы штамппен архив шифрі басылады. Ол мемлекеттік архивтің қысқартылған атауынан, архив қорының нөмірінен, архив тізімдемесінің нөмірінен және тізімдемеге сәйкес архив ісінің реттік нөмірінен тұрады. Құжаттарды сақтаудың көлденең әдісімен шифр мұқабаның алдыңғы жағына төменгі сол жақ және жоғарғы оң жақ бұрыштарына қойылады, ал шифрдің екі суретінің жоғарғы бөлігі мұқабаның ортасына қарауы керек. Істерді тігінен сақтау кезінде, егер түбіртегі жеткілікті кең болса, істерді мұқабаның түптеріне қойып шығады. Істердің құнды немесе көркем байламдарында шифр түпнұсқаның артқы жағына бекітіледі. Қараңғы түстерде шифрді жабыстыруға арналған ашық қағаздан жапсырмалар жасалады.

Архив шифрін карточкаға – істерді түпкілікті жүйелегеннен кейін, ал істің мұқабасына тізімдеме бекітілгеннен кейін қойып шығады.

Карточкаларды жүйелеу. Тізімдемені жасау

Істерді сипаттау жүргізілген карточкаларды жүйелеу схемасы негізінде реттейді.

Жүйелеу схемасына, архив қорын алудың көлеміне және толықтығына байланысты бір архив қорының істері үшін бір немесе бірнеше тізімдеме жасалады. **Тізімдемені келесідей жасауға болады:**

1) қор жасаушы ұйым немесе оның бір бөлігі жұмыс істемей қалған кезде архив қорының бір құрылымдық бөлігінің барлық жылдардағы істеріне;

- 2) ұйым жұмысын тоқтатқан кезде архив қорының барлық істеріне;
 - 3) қор құрушы ұйымның бір жылдағы немесе бірнеше жылдық қызметіндегі жағдайлар үшін, сондай-ақ бір немесе бірнеше функционалдық, тақырыптық (кадрлық құжаттар, ғылыми-техникалық құжаттама, фотоальбомдар, шығармашылық құжаттар және т. б.) және басқа бөлшектерге;
 - 4) бірлескен архив қорының барлық істері үшін немесе бірлескен архив қорына кіретін әрбір ұйымның істеріне.
- Тізімдемеде бөлімдер мен бөлімшелер архив қорының файлдарын жүйелеу схемасына сәйкес ажыратылады.
- Архив қорының хронологиялық-құрылымдық құрылымы кезінде жылдар мен хронологиялық кезеңдер – бөлімдер, ал бөлімшелер құрылымдық бөлімшелер болып табылады. Егер әр жылдың немесе хронологиялық кезеңнің істері үшін жеке тізімдемелер жинақталса, ондағы бөлімдер – құрылымдық бөлімшелер, бөлімшелер құжаттардың тақырыптық немесе географиялық топтары болады.
- Істер тізімдемеге құрылған немесе қор құрушы ұйымның іс қағаздарына түскен жылы бойынша енгізіледі.

Тізімдеменің сипаттаушы бабы

Тізімдеменің сипаттаушы бабы – бұл келесі элементтерді:

- 1) реттік нөмірін;
- 2) іс қағаздарын жүргізу индексі немесе ескі түгендеу нөмірін;
- 3) істің тақырыбын және түпнұсқалығын, көбейту әдісін, құжаттардың толықтығы дәрежесін және істің сыртқы белгілерін;
- 4) құжаттарға аңдатпаны;
- 5) іс бойынша құжаттардың шеткі мерзімін (күнін, айын, жылын);
- 6) файлдағы парақтар санын қамтитын іс (сақтау бірлігі) туралы мәліметтер жиынтығы.

Істер тақырыптары: іске барлық қағидалар бойынша қалай енгізу керек

Істер тақырыптарын тізімдемеге енгізгенде келесі нәрселер болу қажет:

- 1) істердің тақырыптары тізімдемеге істерді жүйелеу схемасына сәйкес енгізіледі; тізімдемедегі әр тақырып жеке реттік нөмірден кейін енгізілуі керек;
- 2) карточкадағы тақырып дәл, толық (өзгертусіз және қысқартусыз) тізімдемеге енгізілуі керек; томның (бөліктің) саны, егер іс бірнеше томнан (бөліктерден) тұрса, тауар тізімдемесінің сол бағанына тақырыптан кейін бірден жаңа жолға қойылады;

3) бағанның сол жақ шетінен абзацқа қарай кететін жаңа жолдан әрі қарай құжаттарға аңдатпаны орналастырады;

4) біртектес мазмұны бар және бірдей редакциядағы істердің тақырыптары «**бірдей**» деген сөзбен белгіленеді, ал сипаттамалық мақаланың басқа деректері толық енгізіледі, тізімдеменің әрбір жаңа парағында тақырып толық көшіріледі;

5) жеке істер немесе хаттар сияқты біртектес істердің тақырыптарын тізімдемеге енгізу кезінде тізімдеме бөлімдерін осы жалпы ұғымдармен атауға болады, ал сипаттау баптарында істі бастаған адамның (жеке істерді сипаттағанда), корреспонденттің (хаттарды сипаттағанда) тегі, аты және әкесінің аты жазылады;

6) бірнеше жыл бойына құжаттарды қамтитын істер бойынша, әр келесі жылдың тізімдемесі аяқталғаннан кейін, осы істе құжаттар бар болған жағдайда, осы жылға арналған материалдар бар істердің нөмірлеріне сілтемелер жасалады (әр келесі жылдың сипаттау бабынан кейін, интервалдан соң).

Егер бір архив қорына бірнеше тізімдеме болса, олардың нөмірлері сілтемеде де көрсетіледі. Егер архив қоры едәуір бөлігінде бірнеше жылдан бері іс қағаздарында жүрген істерден тұрса, онда істерді қалыптастырудың бұл ерекшелігі тізімдемеге алғысөзде қарастырылады;

«**Ескерту**» бағанында істердің шығуы, оларды микрофильмдеу, көшірмелердің, әсіресе құнды құжаттардың болуы, шетелдік құжаттардың аудармалары және қиын мәтіндердің түсіндірмесі туралы мәліметтер келтірілген.

Тізімдемеге қорытынды жазба

Қорытынды жазба тізімдемеге сәйкес тізімделген істердің санын бекітеді, істерді нөмірлеудің барлық ерекшеліктерін тіркейді, тиісті актілер негізінде олардың санындағы барлық өзгерістерді көрсетеді. Қорытынды жазба әрбір тізімдемеге оның барлық көшірмелерінде жасалады және тізімдеме соңында соңғы сипаттау бабынан кейін орналастырады. Егер тізімдемелер бірнеше томдардан тұрса, әр томға қорытынды жазба жасалады. Әрбір келесі томда барлық алдыңғы томдарға қысқаша қорытынды жазба беріледі.

Қорытынды жазбада осы тізімдемеге сәйкес істердің санын (сандық және дөңгелек ашылып-жабылатын жақшаларда сөзбен), тізімдемеге сәйкес істердің бірінші және соңғы нөмірлерін көрсетеді.

Егер тізімдемеде іс нөмірлері мен әріптердің нөмірлері жоқ болса, олардың барын қорытынды жазбада көрсетеді («әріп нөмірлері: «56-а, 99-а», «жетіспейтін сандар: 93, 98»).

Қорытынды жазбаға лауазымы мен жасалған күнді көрсете отырып, тізімдемені құрастырушы, және архивтің (бөлімнің) бастығы немесе қор сақтаушысы қол қояды.

Істерді қабылдағаннан немесе шығарғаннан кейін жаңа жиынтық жазба жасалады, онда енгізілген өзгерістердің негіздері көрсетіледі. Қосымша келіп түскен істер, олардың санына байланысты, тізімделген тізімдеменің соңына тиісті жылдық бөліміне әріптік сандармен немесе жаңа тізімдемеге енгізілуі мүмкін.

Тізімдеменің анықтамалық аппараты

Барлық архив қорларының тізімдемелері үшін, олардың санаттарына байланысты анықтамалық аппараттың келесі құрамы қажет:

- 1) титулдық парақ;
- 2) егер тізімдемеде бөлімдер болса, тақырыбы (мазмұны);
- 3) кіріспе;
- 4) қысқартылған сөздер мен қысқартулар тізбесі;
- 5) архив шифрларының көшірілген кестелері (егер тізімдеме өңделген болса).

Бірінші және екінші санаттағы архив қорларының тізімдемелері үшін анықтамалық аппараттың жоғарыда аталған құрамынан басқа, көрсеткіштерді құрастырған жөн. Қажет болған жағдайда олар үшінші санаттағы архив қорларына да жасалады. Бірінші санаттағы архив қорларының іс қағаздарын жүргізуге арналған анықтамалық аппараттың екінші санаттағы архив қорларының іс қағаздарын жүргізуге арналған анықтамалық аппараттан айырмашылығы:

- 1) алғысөздің толықтығы дәрежесінде;
- 2) тізімдемеге берілген көрсеткіштердің құрамында.

Журналдың келесі санында біз тақырыпты жалғастырамыз және титул парағын, архив қорының тізімдемесінің тақырыбын қалай ресімдеуге болатындығын айтамыз, сонымен қатар тізімдемені өңдеуге болатын жағдайлар туралы айтамыз.

Н. Артонкина,
«НФП Бизнес решения» ЖШҚ Ұйымдастырушылық
және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, Мәскеу қ.



Хатшыға арналған лайфхак: мәтінмен жұмыс істеуді жеңілдететін және уақытты үнемдейтін Wordтың 17 фишкасы


*«Уақытты үнемде»
Сенека Луций Анней*

« Word мәтіндік редакторымен жұмыс істейтіндер теру кезінде уақытты үнемдеудің қаншалықты маңызды екенін біледі. Босқа өткен секундтар минутқа, ал минуттар сағатқа айналады. Осыған қарамастан, құжаттардың жұмысын жеделдету және жеңілдету үшін тек кейбір адамдар ғана Wordтың барлық мүмкіндіктерін пайдаланады.

Жаңа мақалада процесті жеңілдететін және мәтінмен жұмыс істеу кезінде қымбат уақытты үнемдейтін мәтіндік редактордың пайдалы функциялары туралы айтып береміз.

1. Мәтінді аудару

Мәтіннің үзіндісін шұғыл аудару қажет болғанда, бірден Google немесе Yandex еске түседі, бірақ ешкім MS Office-тің кіріктірілген аудармашысы **Bing**-ті есіне алмайды. Оның артықшылығы – үнемі мәтінмен файлдан



1-сурет

браузерге «секірудің» қажеті жоқ. Сонымен қатар, Bing-те бірнеше ондаған тілдер мен үш аударма әдісі бар: **Перевести документ** (Құжатты аудару), **Перевод выделенного текста** (Таңдалған мәтінді аудару), **Мини-переводчик** (Мини аудармашы). MS Word бағдарламасындағы аудармашының функциясы **Рецензирование** қойындысында қолжетімді (1-сурет)

2. Сақталмаған мәтінді қалпына келтіру

Сақталмаған құжатты кенеттен жауып тастайтын сәт – үстелдің бұрышын кішкентай саусағыңызбен ұрып, «Сіздің балансыңыз нөлге тең» деген хабарлама сияқты. Осындай ызаланатын жағдайды болдырмау үшін Word бағдарламасында автосақтау параметрлерін орнатыңыз. Әдепкі бойынша құжаттың нұсқасы әр он минут сайын автоматты түрде сақталады, бірақ одан да кіші аралықты орнатуға болады – мысалы, бір минут.


«Файл» → «Параметры» → «Сохранение» қойындысына кіріңіз. Содан кейін қажетті уақыт аралығын орнатыңыз.

Егер сіз бұл функция туралы сақталмаған құжатты жапқаннан кейін білсеңіз, оны қалай қайтарудың жұмыс әдісі бар. «Файл» → «Сведения» → «Управление документом» → «Восстановить несохранённые документы». Осыдан кейін Wordтың қызметтік папкасы ашылады, онда сіз бұрынғы құжаттарыңызды тауып аласыз.

3. Жасырын мәтін


«Скрытый текст» функциясының көмегімен:

- құпия ақпаратты уақытша «жасыруға»;
- бір құжаттың бірнеше бөліктерін кезек-кезек жасырып, бірнеше нұсқаларын басып шығаруға болады. Яғни сізге файлдың бірнеше көшірмесін жасаудың қажеті жоқ.



2-сурет

Бұл функцияны қолдану өте оңай. Жасырғыңыз келетін мәтін бөлігін таңдап, **Ctrl + D** пернелер тіркесімін басыңыз. Ашылған **Шрифт** диалог терезесінде **Видоизменение** бөлімінде **Скрытый** пәрменін тексеріп, **OK** батырмасын басыңыз (2-сурет).




3-сурет

Жасырылған деректер нүкте сызықпен сызылады (3-сурет).

Басып шығарғанда бұл үзінді құжаттың қағаз нұсқасында болмайды.

4. Әдепкі бойынша қаріпті ауыстыру

Wordтың стандартты шрифті – Calibri, бірақ көбінесе ұйымдарда құжаттарды басқа қаріптермен ресімдейді: Times New Roman, Verdana, Arial. Әр уақытта қаріпті өзіңізге қажет қаріпке ауыстырмау үшін, әдепкі бойынша қажеттісін қойыңыз. Бұл келесідей жасалады: «**Главная**» → «**Шрифт**» → Тізімнен қажетті қаріпті таңдаңыз → «**По умолчанию**». MS Word сізден «нақтылайды» – өзгерістерді ағымдағы файлға немесе барлық құжаттарға сақтау (4-сурет).



4-сурет

5. Синонимдер базасын қолдану

Егер сіз Word бағдарламасын редактор ретінде жиі қолдансаңыз, тиісті сайттарды іздеудің орнына ыңғайлы синонимдік іздеу мүмкіндігін қолданыңыз. Кез келген сөзді тінтуірдің оң жағымен басып, қалқымалы терезеде «**Синонимы**» блогын таңдаңыз.

6. Күн мен уақытты белгілеу

13.04.2019 12:23

4/13/2019 12:23 PM

5-сурет

MS Word-тың бұл пайдалы «құлығы» кез келген қолданушыға таныс, бірақ соған қарамастан біз тағы да қайталап өтейік. **Shift+Alt + D** пернелер тіркесімін пайдалану керек. Күн ККААЖЖ. форматында енгізіледі. Сонымен қатар, қарапайым әрекеттің көмегімен құжатқа ағымдағы күнді енгізуге болады: **Shift+Alt+T** пернелер тіркесімі. Бір ескерту: ағылшын тіліне (EN) орнатқан кезде – күн мен уақыт американдық тәртіпте көрсетіледі – AM, PM, ай күннен бұрын жазылады. AM (ante meridiem) – түске дейін, PM (post meridiem) – түстен кейін (*5-сурет*).

7. Құжатқа қойылатын құпия сөз

Егер сіздің құжатыңыз біреудің қолына түседі деп қорқатын болсаңыз, келесі алгоритм бойынша құжатқа құпия сөз орнатыңыз: **Файл** → «Сведения» → «Защитить документ» → «Зашифровать с использованием пароля». Есіңізде болсын, ұмытылған құпия сөзді қалпына келтіру мүмкін емес! Ал оны схемаға сәйкес оңай алып тастай аласыз.

8. Үздіксіз бос орынды орнату

5-200-000¶


5-200-000¶

6-сурет


Хатшылардың, офис-менеджерлердің, бухгалтерлер мен экономистердің азабы – сөздердің қате тасымалдануы. Мысалы, ресми құжаттарда бас директордың тегі мен инициалдары, сондай-ақ өлшем бірліктері мен сандар, географиялық қысқартулар, «т. б.», «т. с. с.» сияқты қысқартулар бір жолда болуы керек. Бірақ Word сөздерді өз қалауы бойынша тасымалдайды. Бөлінбейтін бос орынды енгізу үшін курсорды бұзылмайтын бос орынды енгізу керек жерге апарып, оларды енгізу үшін **Shift+Ctrl+Пробел** пернелер тіркесімін басу керек. Басып шығарылмайтын дисплей режимінде үздіксіз бос орын шағын шеңбер түрінде көрсетіледі. *6-суретте* үздіксіз бос орны бар және жоқ мәтін үзінділерінің мысалдары келтірілген.

9. Тасымалдау


MS Word-тың бұл функциясы құжаттарды дайындау процесін едәуір жеңілдетсе де, ол жиі ұмтылып қалады. Тасымал құжаттың оқылуын



7-сурет



8-сурет



9-сурет

жақсартуға көмектеседі. Олар бағдарламаның сөздер арасындағы үлкен алшақтықтарға жол бермейді, бұл мәтінді әлдеқайда таза етіп көрсетеді. **Расстановка переносов** командасы **Параметры страницы** тобында орналасқан **Макет** қойындысында болады (MS Word-тың алдыңғы нұсқаларында – **Разметка страницы**) (7-сурет).

10. Өзгерістерді енгізуге шектеу

Егер сіз құжатпен біреумен бірге жұмыс істесеңіз немесе іскерлік серіктестермен келісу үшін шарт жіберсеңіз, бірақ құжатқа қажет емес түзетулер енгізілуін қаламасаңыз, шектеулер қойыңыз. Кейбір стильдерді қолдануға тыйым сала аласыз, мәтін бөліктерін және тыйым салуларға әсер етпейтін пайдаланушыларды көрсете аласыз және дәйекті өзгерістердің түрлерін көрсете аласыз. Схема қарапайым: «Файл» → «Сведения» → «Защитить документ» → «Ограничить редактирование» (8-сурет).

11. Су белгісі немесе подложка

Қосымша қорғаныс үшін құжатқа су таңбасын қосуға болады (9-сурет). Мұны істеу үшін «Дизайн» мәзіріне өтіп, «Подложка» тармағын таңдаңыз. Word-та төрт стандартты шаблон бар, сонымен қатар өзіңіз жасай аласыз.

12. Мәтінді бір параққа дейін қысқарту

Мүмкін, кез келген адамда, мысалы, мәтіннің 1–3 жолына байланысты құжатты екі жағын қайта басып шығаруға немесе екі парақты басып шығаруға тура келетін жағдайлар болған шығар. Немесе мәтінді шексіз қысқартқан және өңдеген боларсыз. Мұны істеудің қажеті жоқ еді – Wordта мәтінді қысқартуға арналған арнайы функция бар. Процедура келесідей: «Файл» → «Параметры» → «Панель быстрого доступа» → «Все команды» таңдайсыз «Выбрать команды из» блогында → «Сократить на странице» тауып, «Добавить» басасыз. Осыдан кейін, тапсырмалар тақтасының жоғарғы жағында парақты қысқарту белгішесі пайда болады. Мәтінді таңдаңыз, белгішені басыңыз – дайын болды!


13. Сөздерді автоматты түрде ауыстыру

Wordта телефонмен бірдей функция бар – автоауыстырғыш, яғни автоматты түрде ауыстыру (автозамена). Бұл өмірді айтарлықтай жеңілдетеді және басып шығару жылдамдығын тездетеді.

Автоматты түзетудің артықшылығы – алғашқы 2–3 әріпті теру арқылы күрделі немесе үнемі қайталанатын терминдер мен сөздерді жаза аласыз.

Үнемі қате жіберетін сөздер үшін автоауыстырғышты (автозаменаны) орнатыңыз, сонда сіз кейбір сөздерді қалай дұрыс жазу керектігі туралы ойланбайсыз – автоауыстырғыш (автозамена) оны бірінші әріптерден танып, дұрыс нұсқаны енгізеді: «әслем» «ондас», «гере» және басқа да әдеттегі қателерді автоауыстырғыш дұрыс нұсқаларға түрлендіреді – «сәлем», «сонда» және «егер». Пайдалы нәрсе ғой, келісесіз бе? Оны орнату оңай: «Файл» → «Параметры» → «Правописание» → «Параметры автозамены».

14. Скриншотты құжатқа қою



10-сурет

Word құжатына беттердің скриншоттарын басқа бағдарламаларды қолданбай-ақ қосуға болады. «Вставка» қойындысында «Снимок» функциясын табасыз (10-сурет). Алдын ала скриншоты қажет параққа өтіңіз. Түсірілім үшін қажетті аймақты таңдағаннан кейін, бағдарлама автоматты түрде скринді құжатқа қояды.


15. Мәтінді парақтың кез келген жеріне басу

Біреу мұны қарапайым деп қабылдайды, бірақ көптеген адамдар мәтінді Word құжатының кез келген жерінде басуға болатындығын білмейді.

Мысалы, егер сіз құжат жасасаңыз және сізге директордың аты-жөні мен құжаттың күнін төменгі оң жақ бұрышта басып шығару қажет болса, сізге мың бос орын қоюдың қажеті жоқ – курсорды мәтінді теру үшін қажетті жерде екі рет шертіңіз. Бұл оп-оңай.

16. Құжаттың екі нұсқасын салыстыру


Егер шарттардың ескі және жаңа нұсқаларын салыстыру немесе серіктестердің құжатқа қандай өзгертулер енгізгенін көру қажет болса, өте жақсы лайфхак. «Рецензирование» → «Сравнить» → «Сравнение двух версий документа (юридическое примечание)» (11-сурет). Әрі қарай, қандай құжат түпнұсқа болып саналатынын және қайсысы өзгертілгенін таңдаңыз. Егер сіз «Больше» батырмасын бассаңыз, онда сіз тек қажетті өзгерістерді енгізе аласыз. Сондай-ақ, құжаттардың қайсысында өзгертулерді көрсеткіңіз келетінін немесе үшінші құжаттағы түзетулерді көрсету үшін параметрлерді таңдай аласыз. Егер құжатпен бірнеше адам жұмыс істесе, «Сравнение двух версий документа (юридическое примечание)» орнына, «Объединение исправлений от нескольких авторов в одном документе» деген нұсқаны таңдаңыз.



11-сурет

«Сравнение двух версий документа (юридическое примечание)» орнына, «Объединение исправлений от нескольких авторов в одном документе» деген нұсқаны таңдаңыз.

17. Wordты тез ашудың нұсқасы



12-сурет

Біздің тізімді керемет хакерлік әдіс аяқтайды. Егер бұрын Word бағдарламасын ашу үшін сіз жаңа құжат жасасаңыз немесе оны «Пуск» мәзірінен іздесеңіз, енді бұл өткен шақта қалды. **Windows+R** пернелер тіркесімін басып, пайда болған терезеге winword сөзін енгізіңіз. Егер сіз командалық жолды басқа командалар үшін пайдаланбасаңыз, онда келесі жолы Windows+R пернелерін басқанда Word бағдарламасын іске қосу командасы автоматты түрде жүктеледі және сізге тек **Enter** пернесін басу керек (12-сурет).

Сонымен, десертке жедел пернелердің 15 пайдалы үйлесімі

MS Wordтың жедел пернелері	
Ctrl+O	Құжатты ашу
Ctrl+W	Құжатты жабу
Ctrl+N	Жаңа құжатты бастау
Ctrl+Enter	Жаңа парақты бастау
Ctrl+P	Басып шығаруды теңшеу мүмкіндігі бар құжатты басып шығару
Ctrl+Shift+A	Кішкентай әріптердің лезде үлкен әріптерге айналуы
Shift+F3	Бас әріптерді кіші әріпке айналдыру. Caps Lock қосылуына қарамастан, теруді ұнататындар үшін пайдалы
Ctrl+Tab	Ұяшықтарға қойындыларды қосу
Shift+Alt+D	Құжатқа күнді жылдам қосу
Shift+Alt+T	Құжатқа уақыт қосу
Alt+769	Сөзге екпін қою. Әріптен кейін курсорды екпін болатын жерге қойып, тіркесімді басыңыз
Ctrl+Alt+Page Down	Келесі бетке көшу
Ctrl+Alt+Page Up	Алдыңғы бетке оралу
Ctrl+Home	Құжаттың басына оралу
Ctrl+End	Құжаттың төменгі жағына түсу

Менің ойымша, бұл Wordтың негізгі және ең қызықты ерекшеліктері, бұл мәтіндік редактормен жұмыс істеуді жеңілдетеді, бірақ одан да көп нәрсе бар. Егер бұл тақырып сізге өзекті болса және сізде де Wordпен жұмысты жеңілдетудің әдістері болса, ал мен бар екеніне сенімдімін – kadry-otk2@mcfk.kz поштасына жазыңыз. Жалғасы болады.

АҚПАРАТ



«ХҚЭДО-Қазақстан» ЖШС Дамыту және білім беру бағдарламаларын іске асыру бөлімі семинарлар ұйымдастырады және өткізеді

050009, Алматы қ, Шевченко көшесі, 165б, Радостовец көшесінің қиылысы, 72 г, 712 кеңсе
 Тел./факс: +7 (727) 237-77-05, +7 (727) 323-77-14, +7 (727) 323-62-14, +7 (727) 323-62-29 (ішкі: 106, 1001, 1011, 1012)

Жетекшісі: А. Нұрқасымова – +7 777 273 32 28;
 Менеджер: К. Карабекова – +7 702 953 01 07.

Электрондық мекенжай: seminar@mcfk.kz

Біздің сайтымыз: www.seminar.mcfk.kz ▶ Өтінімді жүктеу ▶ Семинарлардың кестесі

Көшпелі семинарлар ұйымдастырылады

А. Тыналин,
«Lex Consulting» ЖК заңгері, Алматы қ.



«**Л**олиграфты қолдану арқылы арнайы психофизиологиялық зерттеуден ерікті түрде өту туралы мәлімдеме жасаймыз» кейсі



Құрметті оқырмандар, сіздер үшін жаңа кейстер топтамасын дайындадық, онда түрлі құжаттарды жасау және ресімдеу тақырыбын қарастырамыз. Кезекті тапсырмада ұсынылған құжатпен танысып, оны дайындаудағы қателіктер мен дәлсіздіктерді табуды ұсынамыз.



Мен, Б. Ф. Рыбаков, бұдан әрі «Сынақтан өтуші» деп аталатын, тұрғылықты жерім: Алматы қ. Белинский көш., 33-үй, 11-пәтер, полиграфты қолдану арқылы арнайы психофизиологиялық зерттеуден (бұдан әрі – АПФЗ) өтуге өз еркіммен келісетінімді және қатысатынымды мәлімдеймін.

Осы мәлімдеме арқылы саналы түрде (еркін, өз еркіммен) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94 - V Заңына сәйкес жеке деректерді өңдеуге келісім беремін және Тапсырыс берушінің өкіліне осы деректердің берілуіне қарсы емеспін.

АПФЗ-ге қатысты бейнебаян және (немесе) оқиғалардың дыбыс жазбасын жасауға келісемін.

Күні: 2021 жылғы 01 сәуір

Кейістің сұрағы: Полиграфты қолдану арқылы арнайы психофизиологиялық зерттеуден ерікті түрде өту туралы мәлімдеме жасаған кезде қандай бұзушылықтарға жол берілді?

№ 3 тапсырманың жауабы («Заңды тұлғаның банкроттығы туралы өтініш жасаймыз» кейсі)

Заңды тұлғаның банкроттығы туралы өтініш жасаған кезде іс қағаздарын жүргізудің келесі бұзушылықтарына жол берілді:

- 1) банкроттық туралы өтініш Конституцияның емес, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 53-бабының негізінде беріледі;
- 2) өтініш берушінің қолтаңбасы жоқ.

Жауаптарыңызды «Кәсіби шеберлік мектебі» (№ 4) белгісімен мына мекенжайға: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 1656/72г, Радостовец көшесінің қиылысы, 712 кеңсе немесе shkola@mcf.kz электрондық поштаға жолдаңыздар, міндетті түрде тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын, лауазымыңызды, жұмыс орныңызды және толық пошталық мекенжайыңызды көрсетіңіз.

Жұлделі ойынға журналдың кез келген нөміріне жауап беріп, қатыса алатындарыңызды ұмытпаңыздар.

БАПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

(№ 2 шығарылым)
Қазақстан
Республикасының
2015 жылғы
23 қарашадағы
№ 414-V
Еңбек кодексіне



Түсіндірме авторларының құрамына, түсіндірмелері еңбек заңнамасының нормаларын дұрыс қолдануға себеп болатын, практик заңгерлер, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің еңбек қатынастары, жалақы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мамандары кірді.

Кітап барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылары мен жұмыскерлеріне, заңгерлерге, кадр қызметінің, еңбек құқығының мамандарына, ғалымдарға, оқытушыларға, аспиранттарға, заң және экономикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ оқырмандардың кең ауқымына арналған.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне «Баптар бойынша практикалық түсіндірме» кітабына тапсырыс беру үшін, ppk.mcf.kz сайтында өтінімді толтырып, ekd@mcf.kz электрондық мекенжайға жіберуіңіз қажет.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы біле аласыз: +7 (727) 323-62-13, 323-62-29

А. Верещагина,
психология ғылымының докторы, РХШ және МҚА
Батыс филиалының доценті, практик психолог,
Калининград қ.



Жұмыс беруші үшін қандай қызметкер нағыз олжа болып табылады?



Әрбір өршіл адам мансап құруға ұмтылады. Бұл жолда ол әрқашан өзіне объективті бола бермейді: кәсіпқой және жақсы маман қандай болуы керек деген жалған ойлар мансаптық өсуге елеулі кедергі болуы мүмкін. Қандай қызметкерлер құнды болады? Жұмыс беруші үшін мінсіз қызметкердің портреті қандай, мақаладан білесіз, онда тәжірибелі сарапшы персоналды іріктеу саласындағы зерттеулердің нәтижелерімен бөліседі.



Персонал жұмысын бағалау: нәтиже емес, процесс маңызды

Адам өзінің құндылықтары, көзқарасы, сенімі арқылы әлемді, адамдардың мінез-құлқын, олардың іс-әрекеттерін өз көзқарасы тұрғысынан бағалауға бейім. Біз әрдайым басқа адамдардың мінез-құлқы мен әрекеттерінің себебін түсіне алмаймыз. Мүмкін, бұл кейде қажет емес шығар. Бірақ жұмыс берушінің сіздің жеке басыңызға және сіздің жұмысыңызға берген бағасы туралы айтатын болсақ, мансап сатысында көтеріліп, өз мәртебеңізді басқара алу үшін объективті болғаныңыз жөн.

Қызметкерге оның жұмысын бағалаудың негізгі өлшемшарттары кәсіби дағдылар, тиімділік және нәтиже болып көрінуі мүмкін. Бірақ мүлдем олай емес. Ұйымның адалдығы, сіздің өз міндеттеріңізді емес, басшының қойған міндеттерін шеше білуіңіз әлдеқайда маңызды. Әсіресе, сіз шағын компанияда жұмыс жасасаңыз.

Нобель сыйлығының лауреаты, «Баяу ойланып, тез шешім қабылда» атты супер-бестселлердің авторы Дэниел Канеман персоналдың жұмысын бағалауда нәтижеге емес, процеске назар аударған дұрыс деп санайды. Ол адамның шешім қабылдау қабілетін талдайды және адамның шешімдерінің

сапасы түпкілікті нәтижені анықтамайды деген пікір айтады. Сәтсіздік немесе сәттілік факторын, болған жағдайы бағалау керек. Шешім жақсы болуы мүмкін, бірақ кездейсоқтық нәтижеге жетуге кедергі болды. Нашар шешім қабылдаған, бірақ нәтижесі керемет болған тағы бір жағдай бар. Яғни, егер тек нәтижеге сүйенсеңіз, онда қызметкер күш-жігер немесе атқарылған жұмыс үшін емес, тек сәттілік үшін бағаланады. Бұл компания деңгейінде неге алып келеді? Олар бақытты кездейсоқтықтан жақсы нәтижеге жетелеген жетілмеген процестерді қолдайды. Бұл стратегиялық қателік.

Мінсіз қызметкер – қатты және жұмсақ дағдылар

Персоналды іріктеу жөніндегі менеджерлерде өз терминологиясы бар. Тәжірибе, қабілет, дағдылар **«хард скиль»** (қатты дағдылар), ал қызметкердің жеке қасиеттері **«софт скил»** (жұмсақ дағдылар) деп аталады. Ең дұрысы, қызметкерде жұмыс үшін маңызды дағдылар мен жеке қасиеттер болуы керек.

Әлеуетті жұмыскерді елестетіп көріңізші, мысалы, кәсіби дағдылары бар бухгалтерді елестетіп көрейікші – кәсіби компьютерлік бағдарламаларды, бухгалтерлік есеп пен бухгалтерлік есеп тәжірибесін және т. с. с. біледі. Бірақ, әріптестерімен қарым-қатынас орнатуы білмейді, жұмыс мәселелерін шешуде икемділік танытпайды (стандарттарға ғана емес, бизнес сұрауларына да жүгіну қажет болғанда, стандартты емес шешімдерді таба білу үшін), сабыр сақтау керектігін білмейді. Ол ұйымның немесе басшының мәселесін шеше ала ма? Ол екіталай. Оның басты құндылығы мен міндеті бухгалтердің қалай жұмыс істеуі керек екендігі туралы ойына сәйкес келуі болып табылады. Бұл мансаптық өсуге елеулі кедергі болып табылады.



МЫСАЛ

Жұмыскерлерге қандай дағдылар жетіспейтіндігі туралы басшылар арасында жүргізілген сауалнамаларға сәйкес, көбінесе оларға тиімділік, креативтілік, қақтығыстарды басу қабілеті, іскерлік, адалдық және жауапкершілік жетіспейді екені анықталды. Сонымен қатар, жұмыс берушіге жұмыскерлер арасында қандай жұмыс уәждеме басым болатындығын түсіну өте маңызды.

Қазіргі ұйымдарда іріктеу әдетте бірнеше кезеңдерде жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде – жеке қасиеттер, содан кейін ғана кәсіби шеберлік бағаланады. Неліктен бұлай болып жатыр? Себебі дағдыларды үйрету адамға тәрбиере беруден гөрі әлдеқайда оңай. Яғни, егер сізден, тіпті сіздің кәсібилігіңізді бағаламай, бас тартқан болса, онда сіздің «софт скил» компанияға сәйкес келмейді, сізге компанияның атмосферасына бейімделу және әріптестеріңізбен жақсы қарым-қатынас орнату өте қиын болады.

«Процесс жасаушылар» мен «нәтиже жасаушылар»: сен кімсің?

Психологияда адамдарды **«процесс жасаушылар»** мен **«нәтиже жасаушылар»** деп бөлетін тұлға типологиясы бар. **«Процесс жасаушылар»** күнделікті тапсырмаларды сапалы орындауға бағытталған. Нәтиже үшін ғана бағаланып, өздерінің күнделікті күш-жігерінің тұрақтылығы мен жауаптылығының ескерілмегені олар үшін әділетсіз болып көрінеді.

«Нәтиже жасаушылар» нақты мақсаттарға жетуге бағытталған. Олар белгісіз жаңа жобаларға қатысуға қуанышты. Оларға нақты нұсқаулар қажет емес, бірақ оларға іс-әрекет еркіндігі және мәселелерді шешуде шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеті қажет. Оларды әдеттегі қызметті бағалау үшін қолданылатын қағидалар мен нақты нұсқаулар ашуландыруы мүмкін.

Әртүрлі ұйымдардағы, бөлімдердегі бір мамандық мамандардың әртүрлі рөлдерін білдіруі мүмкін.

Жұмыскер жұмыс берушіні қызығушылық пен құндылық саласы қызықтырмауы керек деп ойлауы мүмкін. Ең бастысы – сіздің қандай маман болғаныңыз. Бірақ бұл үлкен қателік. Біз адамдар арасында жұмыс істейміз. Кейде біз үйден гөрі жұмысқа көп уақыт бөлеміз. Іскерлік байланыстар коммуникациялар мен жеке қатынастарға негізделген, ал олардың негізінде ұзақ мерзімді жоспарлар құрылады. Сондықтан жұмыс беруші үшін сіздің қандай адам екеніңіз маңызды. Көп нәрсе сіздің командаға қалай бейімделуіңізге – сіздің жеке өнімділігіңізге ғана емес, сонымен қатар бүкіл ұжымның үйлесімді жұмысына байланысты. Әрбір ұжымның сақтауға тиіс жазылмаған қағидалары, әдет-ғұрпы, дәстүрі, қалыптасқан әлеуметтік қатынастары болуы керек. Әйтпесе, жұмыс процестері зардап шегеді, ал жұмыс берушіге қайтадан жұмыскерді іріктеуге ғана емес, сонымен қатар қайтадан жұмыс процестерін құруға және іске қосуға уақыты мен ақшасын жұмсауға тура келеді.

Команданың күші

Қызығушылықтардың ортақ болуы компанияға пайда әкеледі. Бұл оның тұрақтылығына, жұмыстың тиімділігіне кепілдік береді, тіпті, егер командада бір адамның қолынан ештеңе келмесе де. Топтың қолдау күші керемет. Тапсырмаларды қайта бөлу, әр қызметкердің өнімділігін ескеру, міндеттерді дұрыс бөлу – ұйымшыл топтарда бұл оңай және ресми басшылардың қатысуынсыз істеледі. Яғни, **бизнес нәтижелері топтағы ортақтастыққа байланысты.**

Сізді жұмысыңызға не итермелейтіні, одан әрі дамуды қалай көретініңіз маңызды. Бұл сіздің бизнесіңізді қаншалықты жақсы көретініңізді, өзіңізді жұмысқа қаншалықты берілетіндігіңізді, компанияның дамуына қалай қатыса алатыныңызды түсінуге көмектеседі. Егер адамды тек ақшалай уәждеме басқаратын болса, онда ол бәрінен бас тартып, жалақының шамалы өскеніне де риза болып, кетіп қалу қаупі зор.

